k) **«Белгілі бір сақтандыру компаниясы»** термині Қолма-қол ақшалай құны бар сақтандыру шартына немесе Аннуитет шартқа қатысты төлемдерді шығаратын немесе жүзеге асыруға міндетті сақтандыру компаниясы (немесе сақтандыру компаниясының холдингтік компаниясы) болып табылатын кез келген ұйымды білдіреді.

l) **«Қазақстан Республикасының қаржы мекемесі»** термині (i) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған кез келген Қаржы мекемесін, бірақ оған осындай Қаржы мекемесінің Қазақстан Республикасынан тысқары жерде орналасқан кез келген филиалы кірмейді, және (ii) егер мұндай филиал Қазақстан Республикасында орналасқан болса, Қаржы мекемесінің Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес құрылмаған кез келген филиалын білдіреді.

m) **«Әріптестік юрисдикцияның қаржы мекемесі»** термині (i) Әріптестік юрисдикцияда құрылған кез келген Қаржы мекемесін, бірақ оған Әріптестік юрисдикциядан тысқары жерде орналасқан осындай Қаржы мекемесінің кез келген филиалы кірмейді, және, егер мұндай филиалы Әріптестік юрисдикцияда орналасқан болса, (ii) Қаржы мекемесінің Әріптестік юрисдикцияда құрылмаған кез келген филиалын білдіреді.

n) **«Есеп беретін қаржы мекемесі»** термині түпмәтініне қарай, Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесін немесе АҚШ-тың Есеп беретін қаржы мекемесін білдіреді.

o) **«Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі»** термині Қазақстан Республикасының Есеп бермейтін қаржы мекемесі болып табылмайтын Қазақстан Республикасының кез келген Қаржы мекемесін білдіреді.

p) **«АҚШ-тың Есеп беретін қаржы мекемесі»** термині (i) Құрама Штаттардан тысқары жердегі осындай Қаржы мекемесінің кез келген филиалын қоспағанда, Құрама Штаттардың резиденті болып табылатын кез келген Қаржы мекемесін және (ii) Қаржы мекемесі немесе филиал осы Келісімнің 2-бабының (2)(b) тармақшасына сәйкес ақпарат алмасу талап етілетін кірісті бақылауды, алуды немесе жауапкершілікпен сақтауды жүзеге асырған жағдайда, егер мұндай филиал Құрама Штаттарда орналасса, Құрама Штаттардың резиденті болып табылмайтын Қаржы мекемесінің кез келген филиалын білдіреді.

q) **«Қазақстан Республикасының Есеп бермейтін қаржы мекемесі»** термині II қосымшада Қазақстан Республикасының Есеп бермейтін қаржы мекемесі ретінде көрсетілген немесе өзге жағдайда немесе АҚШ Қаржы министрлігінің қағидаларына сәйкес шетелдік қаржы мекемесін талаптарды шартты түрде сақтаушы шетелдік қаржы мекемесі немесе салық ұстаудан босатылған бенефициарлы меншік иесі ретінде жіктелетін Қазақстан Республикасының кез келген Қаржы мекемесін немесе Қазақстан Республикасының өзге де Ұйымын білдіреді.

r) **«Қатыспайтын қаржы мекемесі»** термині АҚШ Қаржы министрлігінің тиісті қағидаларында осы термин белгіленген мағынасында, бірақ осы Келісімнің 5-бабының 2(b) тармақшасында немесе Құрама Штаттар мен Әріптестік юрисдикция арасындағы келісімнің тиісті ережесінде Қатыспайтын қаржы мекемесі ретінде қаралатын Қаржы мекемесінен басқа Қазақстан Республикасының Қаржы мекемесін немесе Әріптестік юрисдикцияның өзге Қаржы мекемесін қамтымайтын қатыспайтын қаржы мекемесін білдіреді.

s) **«Қаржы шоты»** термині Қаржы мекемесінде қызмет көрсетілетін шотты білдіреді және;

(1) Инвестициялық ұйым болып табылатындығынан ғана Қаржы мекемесі болып табылатын ұйым жағдайында – Қаржы мекемесіндегі кез келген үлестік немесе борыштық қатысуды (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында тұрақты айналымдағы үлестік немесе борыштық қатысудан басқа);

(2) осы баптың I (s) (1) тармақшасында көрсетілмеген Қаржы мекемесі жағдайында - егер (i) үлестік немесе борыштық қатысудың құны тікелей немесе жанама түрде, бірінші кезекте американдық қаржы көзінен Ұсталатын төлемдердің туындауына әкеп соғатын активтер негізінде айқындалатын болса және (ii) үлестік немесе борыштық қатысу сыныбы осы Келісімге сәйкес есептілікті беруді болдырмау мақсатында белгіленген болса, Қаржы мекемесіндегі кез келген үлестік немесе борыштық қатысуды (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында тұрақты айналымдағы үлестік немесе борыштық қатысудан басқа); және

(3) инвестициялармен байланысты емес, беруге жатпайтын, жеке тұлғаға берілген және II қосымшадағы Қаржы шотының анықтамасынан алып тасталған шот бойынша берілген зейнетақының немесе еңбекке жарамсыздық жәрдемақысының ақшалай мәнін белгілейтін өмір бойғы шұғыл аннуитетті қоспағанда, Қаржы мекемесі берген немесе қызмет көрсететін кез келген Қолма-қол ақшалай құны бар кез келген сақтандыру шартын және Аннуитет шартын қамтиды.

Жоғарыда көрсетілгенге қарамастан, «Қаржы шоты» термині II қосымшадағы Қаржы шотының анықтамасынан алып тасталған кез келген шотты қамтымайды. Осы Келісімнің мақсаттары үшін үлестік немесе борыштық қатысу тұрақты негізде осы үлестік немесе борыштық қатысу айналымының елеулі көлемі болған жағдайда, «тұрақты айналымдағы» болып есептеледі, ал нарық орналасқан және биржада акциялар айналымының елеулі жылдық көлеміне ие сол елдің мемлекеттік органы ресми түрде мойындаған және реттейтін биржа «бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығы» деп түсініледі. Осы I(s) тармақшаның мақсаттары үшін Қаржы мекемесіндегі

үлестік немесе борыштық қатысу «тұрақты айналымдағы» болып табылмайды және, егер үлестік немесе борыштық қатысудың меншік иесі (делдал болып табылатын Қаржы мекемесін қоспағанда) осындай Қаржы мекемесінің есептік жазбаларында көрсетілген жағдайда, Қаржы шоты болып танылады. Алдыңғы сөйлем осындай Қаржы мекемесінің 2014 жылғы 1 шілдеге дейінгі есептік жазбаларында алғаш рет көрсетілген үлестік немесе борыштық қатысуға қолданылмайды, бұл ретте 2014 жылғы 1 шілдеден (қоса алғанда) кейін осындай Қаржы мекемесінің есептік жазбаларында алғаш рет көрсетілген үлестік немесе борыштық қатысуға қатысты Қаржы мекемесі 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін алдыңғы сөйлемнің ережелерін қолдануға міндетті емес.

t) **«Депозиттік шот»** термині кез келген коммерциялық, чектік, жинақтаушы, мерзімдік немесе жинақ шотты немесе депозиттік, жинақ, инвестициялық сертификатпен, берешек сертификатымен немесе банктік немесе ұқсас бизнесті әдеттегі жүргізу тәртібімен Қаржы мекемесі қызмет көрсететін өзге ұқсас құралмен құжат түрінде расталған шотты қамтиды. Депозиттік шот кепілдік берілген инвестициялық келісімшарттың немесе пайыздық кірісті төлеу немесе есепке жазу бойынша осыған ұқсас келісімнің ережелеріне сәйкес сақтандыру компаниясы ұстайтын соманы да қамтиды.

u) **«Кастоднандық шот»** термині инвестициялау үшін ұсталатын кез келген қаржы құралын немесе келісімшартты (акцияларды немесе корпорациядағы қатысу үлесін, вексельдерді, облигацияларды, борыштық міндеттемелерді немесе өзге де борыштық құжаттарды, валюталық немесе тауарлық мәмілелерді, кредиттік дефолттық свопты, қаржылық емес индекс негізіндегі свопты, шартты негізгі сомаға арналған келісімшартты, Сақтандыру шартын немесе Аннуитет шартын немесе кез келген опционды немесе басқа туынды құралды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей) иеленген басқа тұлғаның пайдасына шотты (Сақтандыру шартын немесе Аннуитет шартын қоспағанда) білдіреді.

v) **«Үлестік қатысу»** термині Қаржы мекемесі болып табылатын серіктестік жағдайында - серіктестіктің капиталына немесе пайдасына қатысуды білдіреді. Қаржы мекемесі болып табылатын траст жағдайында Үлестік қатысу бүкіл трастқа немесе оның бір бөлігіне қатысты құрылтайшы немесе бенефициар ретінде қаралатын кез келген тұлғаға немесе трастқа түпкілікті тиімді бақылауды жүзеге асыратын кез келген өзге жеке тұлғаға тиесілі деп саналады. АҚШ-тың белгілі бір тұлғасы, егер АҚШ-тың осындай белгілі бір тұлғасы тікелей немесе жанама түрде (мысалы, атаулы тұлға арқылы) міндетті бөлуді алуға құқығы бар немесе трастан түсетін дискрециялық бөлуді тікелей немесе жанама түрде ала алатын болса, шетелдік трастың бенефициары ретінде қаралады.

w) **«Сақтандыру шарты»** термині өлімнің, сырқаттанудың болуын, жазатайым оқиға қатерін, жауапкершілік тәуекелін немесе мүліктік тәуекелді көздейтін төтенше жағдайлар болған кезде эмитент соманы төлеуге міндеттенетін шартты (Аннуитет шартын қоспағанда) білдіреді.

x) **«Аннуитет шарты»** термині эмитент бір немесе одан көп жеке тұлғалардың болжамды өмір сүру ұзақтығын негізге ала отырып, толығымен немесе ішінара есептелетін уақыт кезеңі ішінде төлемдер жүргізуге міндеттенетін шартты білдіреді. Термин заннамаға, нормативтік актілерге немесе шарт берілген юрисдикция практикасына сәйкес Аннуитет шарты ретінде қаралатын шартты да

қамтиды және оған сәйкес эмитент белгілі бір жылдар ішінде төлемақылар жүргізуге міндеттенеді.

y) **«Қолма-қол ақшалай құны бар сақтандыру шарты»** термині Қолма-қол ақшалай құны 50,000 АҚШ долларынан асатын сақтандыру шартын (екі сақтандыру компаниясы арасындағы залалдын өтелуін қайта сақтандыру шартын қоспағанда) білдіреді.

z) **«Қолма-қол ақшалай құны»** термині мынадай сомалардың ең көбін: (i) сақтанушы шарттың күші жойылған немесе тоқтатылған кезде алуға құқығы бар соманы (сақтандыру полисін бұзғаны үшін алымды немесе сақтандыру полисімен берілетін кредитті шегерусіз белгіленетін) және (ii) сақтанушы шарт бойынша немесе шартқа байланысты қарызға ала алатын соманы білдіреді. Жоғарыда көрсетілгенге қарамастан, «Қолма-қол ақшалай құны» термині:

(1) жеке келтірілген зиян үшін өтемақы немесе сырқатына байланысты берілетін жәрдемақы немесе сақтандыру жағдайының туындауына байланысты келтірілген экономикалық залалды өтеу мақсатындағы өзге төлем;

(2) сақтандыру полисі күшінің жойылуына немесе қолданылу мерзімінің тоқтатылуына, Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде тәуекелге ұшырау дәрежесінің азаюына байланысты немесе өткізілімдерді шоттар бойынша бөлуде жіберілген қателерден немесе осыған ұқсас қателерден сақтандыру сыйлықақысының қайта есептелуіне байланысты Сақтандыру шарты (өмірді сақтандыру шартын қоспағанда) бойынша бұрын төленген сақтандыру сыйлықақысын сақтанушыға қайтару; немесе

(3) тиісті шартты немесе топты сақтандыру тәжірибесі негізінде сақтанушыға берілетін сақтандыру дивидендтері ретінде Сақтандыру шарты бойынша төлеуге жататын соманы қамтымайды.

aa) **«Есеп беретін шот»** термині түпмәтініне байланысты, АҚШ-тың Есеп беретін шотын немесе Қазақстан Республикасының Есеп беретін шотын білдіреді.

bb) **«Қазақстан Республикасының Есеп беретін шоты»** термині, егер: (i) Депозиттік шот жағдайында - шот Қазақстан Республикасының резидент жеке тұлғасына тиесілі болса және осындай шот бойынша кез келген күнтізбелік жылда төленетін пайыз сомасы 10 АҚШ долларынан асатын болса; немесе (ii) Депозиттік шот болып табылмайтын Қаржы шоты жағдайында - салық салу мақсаттары үшін АҚШ Салық кодексінің А кіші бөлімінің 3-тарауына немесе F кіші бөлімінің 61-тарауына сәйкес ақпарат беру қажет американдық қаржы көзінен кіріс төленетін немесе есепке жатқызылатын Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатындығы жөніндегі фактіні растайтын ұйымды қоса алғанда, Шот иесі Қазақстан Республикасының резиденті болып табылса, АҚШ-тың Есеп беретін қаржы мекемесі қызмет көрсететін Қаржы шотын білдіреді.

cc) **«АҚШ-тың Есеп беретін шоты»** термині Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі қызмет көрсететін және АҚШ-тың бір немесе одан көп белгілі бір тұлғаларына немесе АҚШ-тың белгілі бір тұлғалары болып табылатын бір немесе одан көп Бақылаушы тұлғалары бар Американдық емес ұйымға тиесілі Қаржы шотын білдіреді. Жоғарыда көрсетілгенге қарамастан, шот, егер мұндай шот I Қосымшада көрсетілген кешенді тексеру рәсімдерін қолданғаннан кейін

АҚШ-тың Есеп беретін шоты ретінде белгіленбесе, АҚШ-тың Есеп беретін шоты ретінде қаралмайды.

dd) **«Шот несі»** термині шотқа қызмет көрсететін Қаржы мекемесі Қаржы шотының несі ретінде көрсеткен немесе айқындаған тұлғаны білдіреді. Қаржы мекемесін қоспағанда, Қаржы шотын басқа тұлғаның мүддесі үшін немесе оның атынан агент, кастодиан, номиналды ұстаушы, қол қоюға уәкілетті адам, инвестициялар жөніндегі консультант немесе делдал ретінде басқа тұлға атынан иеленетін тұлға осы Келісімнің мақсаттары үшін шотты иеленген тұлға ретінде қаралмайды және мұндай басқа тұлға шот несі ретінде қаралады. Алдыңғы сөйлемнің мақсаттары үшін «Қаржы мекемесі» термині АҚШ аумағында құрылған немесе тіркелген Қаржы мекемесін қамтымайды. Қолма-қол ақшалай құны бар сақтандыру шарты немесе Аннуитет шарты жағдайында Шот несі Қолма-қол ақшалай құнына қол жеткізу құқығы немесе шарт бойынша пайда алушыны ауыстыруға құқығы бар кез келген тұлғаны білдіреді. Егер бірде-бір тұлғаның Қолма-қол ақшалай құнына қол жеткізу құқығы немесе шарт бойынша пайда алушыны ауыстыруға құқығы болмаса, Шот несі - бұл шартта меншік несі ретінде көрсетілген кез келген тұлға және шарт талаптары бойынша төлемге сөзсіз құқығы бар кез келген тұлға. Қолма-қол ақшалай құны бар сақтандыру шарты немесе Аннуитет шарты бойынша төлемді жүзеге асыру мерзімі жеткенде шарт бойынша төлемдерді алуға құқығы бар әрбір тұлға Шот несі ретінде қаралады.

ee) **«АҚШ тұлғасы»** термині АҚШ азаматын немесе резидент болып табылатын жеке тұлғаны; Құрама Штаттарда немесе Құрама Штаттардың немесе штаттардың біреуінің заңдарына сәйкес құрылған серіктестікті немесе корпорацияны; немесе, егер: (i) сот Құрама Штаттар шегінде қолданыстағы заңнамаға сәйкес трасты басқаруға қатысты барлық мәселелер бойынша бұйрықтар шығару немесе сот шешімдерін қабылдау өкілеттіктеріне ие болса және (ii) АҚШ-тың бір немесе одан көп тұлғасы бұл трастың барлық негізгі шешімдерін немесе Құрама Штаттардың азаматы немесе резиденті болып табылған қайтыс болған адамның мүлкін бақылау өкілеттіктеріне ие болса, трасты білдіреді. Осы 1 (ee) тармақша АҚШ Салық кодексінің ережелеріне сәйкес түсіндіріледі.

ff) **«АҚШ-тың Белгілі бір тұлғасы»** термині мыналарды: (i) акциялары бағалы қағаздардың ұйымдастырылған бір немесе одан көп нарықтарында тұрақты түрде айналыста болатын корпорацияны; (ii) (i) тармағында корпорация ретінде көрсетілген АҚШ Салық кодексінің 1471 (e)(2) бөлімінде белгіленгендей, сол бір кеңейтілген үлестес топтың мүшесі болып табылатын кез келген корпорацияны; (iii) Құрама Штаттарды немесе толығымен АҚШ-қа тиесілі кез келген агенттіктерді немесе ведомстволарды; (iv) Құрама Штаттардың кез келген Штатын, АҚШ-тың кез келген Аумағын немесе олардың кез келген әкімшілік-аумақтық бірліктерін немесе толығымен оларға тиесілі агенттіктерді немесе ведомстволарды; (v) АҚШ Салық кодексінің 501(a) бөліміне сәйкес салықтар төлеуден немесе АҚШ Салық кодексінің 7701(a)(37) бөліміндегі анықтамаға сәйкес жеке зейнеткерлік бағдарламалардан босатылған кез келген ұйымды; (vi) АҚШ Салық кодексінің 581-бөліміндегі анықтамаға сәйкес кез келген банкті; (vii) АҚШ Салық кодексінің 856-бөліміндегі анықтамаға сәйкес жылжымайтын мүліктің кез келген инвестициялық трастарын; (viii) АҚШ Салық кодексінің 851-бөліміндегі анықтамаға сәйкес кез келген реттелетін инвестициялық компанияны немесе 1940 жылғы (15 U.S.C.80a-64) Инвестициялық компаниялар туралы заңның негізінде АҚШ-тың бағалы қағаздар және биржалар жөніндегі комиссиясында тіркелген кез келген ұйымды; (ix) АҚШ Салық кодексінің 584(a) бөліміндегі анықтамаға сәйкес кез келген жалпы

сенімгерлік қорды; (x) АҚШ Салық кодексінің 664 (c) бөлімінің ережелеріне сәйкес салық салудан босатылған кез келген трасты немесе АҚШ Салық кодексінің 4947(a)(1) бөлімінде көрсетілген трасты; (xi) Құрама Штаттардың немесе кез келген Штаттың заңнамасына сәйкес тіркелген бағалы қағаздар, тауарлар немесе туынды қаржы құралдары жөніндегі дилерді (номиналды негізгі сома келісімшарттарын, фьючерстерді, форвардтық келісімшарттарды және опциондарды қоса алғанда); немесе (xii) АҚШ Салық кодексінің 6045(c) бөліміндегі анықтамаға сәйкес брокерді немесе (xiii) АҚШ Салық кодексінің 403(b) немесе 457(g) бөлімінде көзделген жоспарға сәйкес салық салудан босатылған кез келген трасты коспағанда, АҚШ тұлғасын білдіреді.

gg) **«Ұйым»** термині заңды тұлғаны немесе траст сияқты заңдық құрылымды білдіреді.

hh) **«Американдық емес ұйым»** термині АҚШ тұлғасы болып табылмайтын Ұйымды білдіреді.

ii) **«Американдық төлем көзінен салық ұсталатын төлем»** термині, егер төлем Құрама Штаттардағы қаржы көздерінен жүзеге асырылатын болса, пайыздардың (кез келген бастапқы эмиссиялық жеңілдікті қоса алғанда), дивидендтердің, жалдау ақысының, айлықақының, жалақының, сыйлықақылардың, аннуитеттердің, өтемақылардың, сыйақылардың, айлықтардың және басқа да тіркелген немесе айқындауға болатын жылдық немесе кезеңдік кірістер мен пайдалардың кез келген төлемін білдіреді. Жоғарыда көрсетілгенге қарамастан, Американдық төлем көзінен салық ұсталатын төлем АҚШ Қаржы министрлігінің тиісті қағидаларында салық ұстауға жататын төлем деп есептелмейтін кез келген төлемді қамтымайды.

jj) Ұйым, егер осы Ұйымдардың біреуі басқа Ұйымды бақылайтын болса немесе екі Ұйым да жалпы бақылауда болса, Басқа Ұйымның **«Байланысты ұйымы»** болып табылады. Бұл мақсат үшін бақылау Ұйымдағы дауыстардың немесе құнның 50 пайызынан астамын тікелей немесе жанама иеленуді қамтиды. Жоғарыда көрсетілгенге қарамастан, Қазақстан Республикасы Ұйымды, егер осы Ұйымдар АҚШ Салық кодексінің 1471(e)(2) бөліміндегі анықтамаға сәйкес кеңейтілген үлестес бір топтың құрамына кірмейтін болса, басқа Ұйымның Байланысты ұйымы болып табылмайтын деп есептеуге құқылы.

kk) **«Американдық ССН»** термині АҚШ салық төлеушісінің федералдық сәйкестендіру нөмірін білдіреді.

ll) **«Қазақстан Республикасының ЖСН-і»** термині Қазақстан Республикасы салық төлеушісінің жеке сәйкестендіру нөмірін білдіреді.

mm) **«Бақылаушы тұлғалар»** деген термин Ұйымды бақылайтын жеке тұлғаларды білдіреді. Траст жағдайында, бұл термин құрылтайшыны, басқарушыларды, протекторды (ол болған жағдайда), бенефициарларды немесе бенефициарлар сыныбын және осы трастқа түпкі тиімді бақылауды жүзеге асыратын кез келген басқа жеке тұлғаны білдіреді, ал траст болып табылмайтын заңдық құрылым жағдайында, бұл термин осындай немесе ұқсас лауазымдағы тұлғаларды білдіреді. «Бақылаушы тұлғалар» термині Ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобының Ұсынымдарына сәйкес түсіндіріледі.

2. Осы Келісімде өзге тәсілмен немесе өзгеше айқындалмаған кез келген термин, егер ол түсінікті қайшы келмесе немесе Құзыретті органдар жалпы анықтаманы келіспесе (егер ол жергілікті заңнамамен рұқсат етілсе), Келісімді қолданатын Тараптың заңнамасына сәйкес қазіргі кезде қабылданған мағынасында болады және осы Тараптың қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес анықтама осы Тараптың басқа заңнамасына сәйкес анықтамаға қатысты басым күшке ие болады.

2-бап

Есеп беретін шоттар туралы ақпаратты алу мен алмасу жөніндегі міндеттемелер

1. Осы Келісімнің 3-бабының ережелеріне сәйкес әрбір Тарап барлық Есеп беретін шоттар туралы осы баптың 2-тармағында көрсетілген ақпаратты алады және Конвенцияның 26-бабының ережелерін орындау үшін жыл сайын басқа Тараппен автоматты негізде осы ақпаратпен алмасады.

2. Алуға және алмасуға жататын ақпарат:

а) Қазақстан Республикасы жағдайында - Қазақстан Республикасының әрбір Есеп беретін қаржы мекемесінің АҚШ-тың әрбір Есеп беретін шоты бойынша:

(1) осындай Шот иесі болып табылатын АҚШ-тың әрбір Белгілі бір тұлғасының атауын, мекенжайын, АҚШ ССН-ін, ал I Қосымшада көрсетілген кешенді тексеру рәсімінен өткеннен кейін АҚШ-тың Белгілі бір тұлғасы болып табылатын бір немесе одан көп Бақылаушы тұлғалар белгіленген Американдық емес ұйым жағдайында – осындай ұйымның және АҚШ-тың әрбір осындай Белгілі бір тұлғасының атауын, мекенжайын, АҚШ ССН-ін (ол болған жағдайда);

(2) шот нөмірін (немесе шот нөмірі болмаған жағдайда функционалдық баламасын);

(3) Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесінің атауы мен сәйкестендіру нөмірін;

(4) тиісті күнтізбелік жылдың соңындағы немесе өзге де тиісті есепті кезеңдегі немесе, егер шот сол жыл ішінде жабылған болса - оның тікелей жабылу алдындағы шоттағы қалдығын немесе шоттағы соманы (Қолма-қол ақшалай құны бар сақтандыру шарты немесе Аннуитет шарты жағдайында Қолма-қол ақшалай құнын немесе мерзімінен бұрын бұзу құнын қоса алғанда);

(5) кез келген Кастодиандық шот жағдайында:

(A) әрбір жағдайда күнтізбелік жыл немесе өзге де тиісті есепті кезең ішінде шотқа төленген немесе есепке жатқызылған (немесе шотқа қатысты), пайыздардың ортақ жалпы сомасын, дивидендтердің ортақ жалпы сомасын және шотта сақталған активтер бойынша алынған өзге де кірістің ортақ жалпы сомасын; және

(B) Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі кастодиан, брокер немесе номиналды ұстаушы немесе Шот иесінің агенті ретінде әрекет еткен күнтізбелік жыл немесе өзге де тиісті есепті

кезең ішінде шотқа төленген немесе есепке жатқызылған мүлікті сатудан немесе сатып алудан түскен ортақ жалпы пайданы;

(6) кез келген Депозиттік шот жағдайында күнтізбелік жыл немесе өзге де тиісті есепті кезең ішінде шотқа төленген немесе есепке жатқызылған пайыздардың ортақ жалпы сомасын;

(7) осы баптың 2(a)(5) немесе 2(a)(6) тармақшаларында көрсетілмеген кез келген шот жағдайында күнтізбелік жыл немесе өзге де тиісті есепті кезең ішінде Шот иесіне жүргізілген сатып алу үшін төлемдердің жалпы сомасын қоса алғанда, міндеттеме бойынша борышкер немесе дебитор болып табылатын Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі күнтізбелік жыл немесе өзге де тиісті есепті кезең ішінде Шот иесіне шот бойынша төленген немесе есепке жазылған ортақ жалпы соманы қамтиды.

b) Америка Құрама Штаттары жағдайында АҚШ-тың әрбір Есеп беретін қаржы мекемесінің Қазақстан Республикасы әрбір Есеп беретін шоты бойынша:

(1) Қазақстан Республикасының резиденті және осындай Шот иесі болып табылатын кез келген тұлғаның атауын, мекенжайын және Қазақстан Республикасының ССН-ін;

(2) шот нөмірін (немесе шот нөмірі болмаған жағдайда функционалдық баламасын);

(3) АҚШ-тың Есеп беретін қаржы мекемесінің атауы мен сәйкестендіру нөмірін;

(4) Депозиттік шотқа төленген пайыздардың жалпы сомасын;

(5) АҚШ көздерінен шотқа төленген немесе есепке жатқызылған дивидендтердің жалпы сомасын; және

(6) егер АҚШ Салық кодексінің А кіші бөлімінің 3-тарауына немесе F кіші бөлімінің 61-тарауына сәйкес декларациялауға жататын болса, американдық қаржы көздерінен шотқа төленген немесе есепке жатқызылған өзге де кірістің жалпы сомасын қамтиды.

3-бап
Ақпарат алмасудың мерзімі мен тәртібі

1. Осы Келісімнің 2-бабында көрсетілген ақпарат алмасу жөніндегі міндеттеменің мақсаттары үшін АҚШ-тағы Есеп беретін шотқа қатысты жүргізілген төлемдердің сомасы мен сипаттамасын Қазақстан Республикасының салық заңнамасының қағидаттарына сәйкес айқындауға болады, ал Қазақстан Республикасының Есеп беретін шотына қатысты жүргізілген төлемдердің сомасы мен сипаттамасын АҚШ-тың табыс салығы туралы федералдық заңнамасының қағидаттарына сәйкес айқындауға болады.

2. Осы Келісімнің 2-бабында көрсетілген ақпарат алмасу жөніндегі міндеттеменің мақсаттары үшін алмасатын ақпарат әрбір тиісті сома көрсетілген валютаның көрсетілуін қамтиды.

3. Осы Келісімнің 2-бабының 2-тармағына қатысты ақпарат:

a) Қазақстан Республикасының жағдайында:

(1) 2014 жыл үшін алуға және алмасуға жататын ақпарат осы Келісімнің 2-бабының 2(a)(1) - 2(a)(4) тармақшаларында көрсетілген ақпаратты ғана қамтитынын;

(2) 2015 жыл үшін алуға және алмасуға жататын ақпарат осы Келісімнің 2-бабының 2(a)(5)(B) тармақшасында көрсетілген жалпы пайданы қоспағанда, осы Келісімнің 2-бабының 2(a)(1) - 2(a)(7) тармақшаларында көрсетілген ақпаратты қамтитынын; және

(3) 2016 жыл және одан кейінгі жылдар үшін алуға және алмасуға жататын ақпарат осы Келісімнің 2-бабының 2(a)(1) - 2(a)(7) тармақшаларында көрсетілген ақпаратты қамтитынын;

b) Құрама Штаттар жағдайында, 2014 жыл және одан кейінгі жылдар үшін алуға және алмасуға жататын ақпарат осы Келісімнің 2-бабының 2(b) тармақшасында көрсетілген барлық ақпаратты қамтитынын қоспағанда, 2014 жыл және одан кейінгі барлық жылдар үшін алмасу үшін алынады және беріледі.

4. Осы баптың 3-тармағына қарамастан, Белгіленген күнге алғандағы жағдай бойынша Есеп беретін қаржы мекемесінде қызмет көрсетілетін әрбір Есеп беретін шот бойынша және осы Келісімнің 6-бабының 3-тармағына сәйкес Тараптар кез келген тиісті тұлғаның нақты жағдайына қарай, егер салық төлеушінің мұндай сәйкестендіру нөмірі Есеп беретін қаржы мекемесінің құжаттарында тіркелмеген болса, берілетін ақпаратты алуға және оған Қазақстан Республикасының ССН-ін немесе АҚШ ССН-ін қосуға міндетті емес. Мұндай жағдайда, Тараптар алмасатын ақпаратқа, егер Есеп беретін қаржы мекемесінің құжаттарында мұндай туған күн тіркелген болса, тиісті тұлғаның туған күнін алады және қосады.

5. Осы баптың 3 және 4-тармақтарына сәйкес осы Келісімнің 2-бабында көрсетілген ақпаратпен алмасу ақпарат қатысы бар күнтізбелік жыл аяқталғаннан кейінгі тоғыз айдан немесе Тараптың 2-бапқа сәйкес ақпаратпен алмасуы туралы міндеттемесі күшіне енгеннен кейін келесі 30 қыркүйектен кешіктірілмей, қайсысының кешірек болатынына байланысты жүзеге асырылады.

6. Қазақстан Республикасының және Құрама Штаттардың құзыретті органдары Конвенцияның 25-бабында көзделген өзара келісу рәсімінің шеңберінде келісім жасасады немесе уағдаластыққа келеді, ол:

a) осы Келісімнің 2-бабында көрсетілген автоматты түрде ақпарат алмасу жөніндегі міндеттемелерді орындау рәсімдерін белгілейді;

b) осы Келісімнің 5-бабын орындау үшін талап етілуі мүмкін қажетті қағидалар мен рәсімдерді айқындайды; және

c) қажет болған жағдайда осы Келісімнің 4-бабының 1(b) тармақшасына сәйкес берілетін ақпарат алмасу рәсімін белгілейді.

7. Алмасатын ақпараттың пайдаланылуын шектейтін ережелерді қоса алғанда, барлық алмасатын ақпарат Конвенцияда көзделген құпиялылық және өзге де қорғау шаралары ескеріле отырып беріледі.

8. Осы Келісім күшіне енгеннен кейін әрбір Құзыретті орган басқа Құзыретті органға ол басқа Құзыретті органның юрисдикциясында (i) осы Келісімге сәйкес алынған ақпарат құпиялылығының сақталуына және оны салық салу мақсатында ғана пайдаланылуына кепілдік беретін тиісті қауіпсіздік шаралары мен (ii) ақпаратты тиімді алмасуға арналған инфрақұрылымның (уақтылы, дәл және құпия ақпарат алмасуды қамтамасыз ететін белгіленген рәсімдерді, тиімді және сенімді байланысты және ақпарат алмасумен немесе оны алмасуға арналған сұрау салумен байланысты мәселелер мен проблемаларды дереу шешудің, сондай-ақ осы Келісімнің 5-бабының ережелерін әкімшілендіру үшін практикалық мүмкіндіктерді қоса алғанда) бар екендігіне көз жеткізгеннен кейін жазбаша хабарлама береді. Құзыретті органдар әрбір юрисдикцияда осындай қауіпсіздік шаралары мен инфрақұрылым бар екендігін белгілеу мақсатында кездесу үшін ізгі ниет рухында барлық қажет шараларды қабылдайды.

9. Тараптардың осы Келісімнің 2-бабына сәйкес ақпарат алу және алмасу жөніндегі міндеттемелері осы баптың 8-тармағында көрсетілген жазбаша хабарламалардың соңғысы алынған күннен бастап күшіне енеді. Жоғарыда баяндалғанға қарамастан, егер Қазақстан Республикасының Құзыретті органы Құрама Штаттардың осы баптың 8-тармағында көрсетілген қауіпсіздік шараларын сақтайтындығына және инфрақұрылымның бар екендігіне көз жеткізген болса, бірақ АҚШ-тың Құзыретті органына Қазақстан Республикасының да осындай қауіпсіздік шаралары мен инфрақұрылымының бар екендігіне көз жеткізу үшін қосымша уақыт қажет болса, осы Келісімнің 2-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының ақпарат алу және алмасу жөніндегі міндеттемесі осы баптың 8-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Құзыретті органының АҚШ-тың Құзыретті органына жазбаша хабарламаны ұсынған күні күшіне енеді.

10. Осы Келісімнің қолданысы Келісім күшіне енгеннен кейін 12 айдан соң, егер осы күнге Тараптардың қандай да біріне қатысты осы баптың 9-тармағына сәйкес осы Келісімнің 2-бабы күшіне енбесе, сол күні тоқтатылады.

4-бап
Қазақстан Республикасының Қаржы мекемелеріне FATCA-ны қолдану

1. **<u>Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемелеріне қатысты.</u>** Егер Қазақстан Республикасы Қазақстан Республикасының осындай Есеп беретін қаржы мекемесіне қатысты осы Келісімнің 2 және 3-баптарында көзделген өз міндеттемелерін сақтайтын болса және Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі:

a) АҚШ-тың Есеп беретін шоттарын айқындайтын және жыл сайын Қазақстан Республикасының Құзыретті органына осы Келісімнің 3-бабында белгіленген мерзімде және тәртіппен осы Келісімнің 2-бабының 2 (a) тармақшасына сәйкес берілуге тиісті ақпаратты беретін;

b) Қазақстан Республикасының Құзыретті органына 2015 және 2016 жылдары өзі төлемдер жүргізген әрбір Қатыспайтын қаржы мекемесінің атауын және осындай төлемдердің жалпы сомасын жыл сайын хабарлайтын;

c) ФСБ FATCA-ның тіркеу веб-сайтында көрсетілген қолданылатын тіркеу талаптарын сақтайтын;

d) егер Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі (i) АҚШ Салық кодексінің А кіші бөлімінің 3-тарауына сәйкес салықтар ұстау жөнінде өзіне негізгі міндет алған білікті делдал (АҚШ Салық кодексінің 1441-бөлімінің мақсаттары үшін) ретінде әрекет етсе, (ii) шетелдік серіктестіктің салықтарын ұстауды жүзеге асырушы ретінде әрекет ететін шетелдік серіктестік болып табылса (АҚШ Салық кодексінің 1441 және 1471-бөлімдерінің мақсаттары үшін), немесе (iii) салықтарды ұстауды жүзеге асырушы ретінде әрекет ететін шетелдік траст болып табылса (АҚШ Салық кодексінің 1441 және 1471-бөлімдерінің мақсаттары үшін) ол кез келген Қатыспайтын қаржы мекемесі үшін американдық төлем көзінен Салық ұстауға жататын кез келген төлемнен 30 пайыз ұстайтын; және

e) американдық төлем көзінен Салық ұстауға жататын төлемді жүргізетін немесе кез келген Қатыспайтын қаржы мекемесі үшін американдық төлем көзінен Салық ұстауға жататын төлемді жүзеге асыратын немесе оны жүзеге асыру бойынша делдал ретінде әрекет ететін, осы баптың 1(d) тармақшасында көрсетілмеген Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі жағдайында Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі американдық төлем көзінен Салық ұстауға жататын осындай төлемнің кез келген тікелей төлеушісіне салық ұстау және осы төлем бойынша есептілік беру үшін талап етілетін ақпаратты ұсынатын болса, Қазақстан Республикасының әрбір Есеп беретін қаржы мекемесі АҚШ Салық кодексінің 1471-бөлімінің талаптарын сақтаушы және АҚШ Салық кодексінің 1471-бөлімінде көзделген салықтарды ұстау жөніндегі талаптың аясына түспеуші ретінде қаралады.

Жоғарыда көрсетілгенге қарамастан, өзіне қатысты осы 1-тармақтың шарттары сақталмайтын Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі, егер ФСБ Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесін осы Келісімнің 5-бабының 2(b) тармақшасына сәйкес Қатыспайтын қаржы мекемесі ретінде қарастырмаса, АҚШ Салық кодексінің 1471-бөліміне сәйкес салықтар ұстауға жатпайды.

2. **Жосықсыз шот иелерінің шоттары жөніндегі қағидалардың қолданылуын тоқтата тұру.** Құрама Штаттар, егер АҚШ-тың Құзыретті органы осы Келісімнің 3-бабының ережелеріне сәйкес осы Келісімнің 2-бабының 2(a) тармақшасында көрсетілген шот бойынша осындай шотқа қатысты ақпарат алса, АҚШ Салық кодексінің 1471 немесе 1472-бөлімінің ережелеріне сәйкес жосықсыз шот иесіне тиесілі шот бойынша салық ұстауды (АҚШ Салық кодексінің 1471(d)(6) бөліміндегі анықтамаға сәйкес) немесе мұндай шотты жабуды Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы ұйымынан талап етпейді.

3. **Қазақстан Республикасының зейнетақы бағдарламаларына қойылатын ерекше талаптар.** Құрама Штаттар II Қосымшада сипатталған Қазақстан Республикасының зейнетақы бағдарламаларына талаптарды шартты түрде сақтаушы шетелдік қаржы мекемелері немесе нақты жағдайға қарай, АҚШ Салық кодексінің 1471 және 1472-бөлімдері мақсатында салық ұстаудан босатылған бенефициарлы меншік иесі ретінде қарайды. Бұл мақсатта Қазақстан Республикасының зейнетақы бағдарламалары Қазақстан Республикасында құрылған немесе онда орналасқан және Қазақстан Республикасы реттейтін ұйымдарды немесе зейнетақыларды немесе жұмыстан шығу жәрдемақыларын беруге немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осындай төлемдерді ұсынудан түсетін пайданы алуға алдын ала белгіленген және жарналар, төлемақылар, есептілік, қаржылық қолдау және салық салуға қатысты реттелетін шарттық немесе заңдық құқықтық қатынастарды қамтиды.

4. **Талаптарды шартты түрде сақтаушы шетелдік қаржы мекемелері және салық ұстаудан босатылған бенефициарлы меншік иелері үшін анықтама және шарттар.** Құрама Штаттар Қазақстан Республикасының әрбір Есеп бермейтін қаржы мекемесін талаптарды шартты түрде сақтаушы шетелдік қаржы мекемесі ретінде немесе нақты жағдайға қарай, АҚШ Салық кодексінің 1471-бөлімінің мақсаттары үшін салық ұстаудан босатылған бенефициарлы меншік иесі ретінде қарайды.

5. **Қатыспайтын қаржы мекемелері болып табылатын Байланысты ұйымдар мен филиалдарға қатысты арнайы қағидалар.** Егер өзге негіздер бойынша осы баптың 1-тармағында сипатталған немесе осы баптың 3 немесе 4-тармақтарында сипатталған талаптарға сәйкес келетін Қазақстан Республикасы Қаржы мекемесінің АҚШ Салық кодексінің 1471-бөлімінің мақсаттары үшін осындай Байланысты ұйымның немесе филиалдың қатысушы шетелдік қаржы мекемесіне немесе талаптарды шартты түрде сақтаушы шетелдік қаржы мекемесіне арналған талаптарды орындауына кедергі жасайтын юрисдикция шеңберінде жұмыс істейтін Байланысты ұйымы немесе филиалы болса не АҚШ Қаржы министрлігінің тиісті қағидалары негізінде шектеулі шетелдік қаржы мекемелері мен шектеулі филиалдарға арналған өтпелі қағида күшін жойғаны үшін ғана Қатыспайтын қаржы мекемесі деп танылатын Байланысты ұйымы немесе филиалы болса, Қазақстан Республикасының осы қаржы мекемесі:

a) осы Келісімге сәйкес есептілік және салықтар ұстау бойынша барлық талаптарды сақтау мақсаттары үшін Қазақстан Республикасының қаржы мекемесі әрбір осындай Байланысты ұйымды немесе филиалды жеке Қатыспайтын қаржы мекемесі ретінде қараған және әрбір Байланысты ұйым немесе филиал салықтар ұстау жөніндегі агенттерге өзін Қатыспайтын қаржы мекемесі ретінде айқындаған;

b) әрбір осындай Байланысты ұйым немесе филиал АҚШ өз шоттарын айқындаған және АҚШ Салық кодексінің 1471-бөлімінің талаптарына сәйкес Байланысты ұйымға немесе филиалға қатысы бар тиісті заңнамамен рұқсат етілген дәрежеде осы шоттарға қатысты ақпарат берген; және

c) осындай Байланысты ұйым немесе филиал осы Байланысты ұйым немесе филиал орналасқан юрисдикцияның резиденттері болып табылмайтын тұлғаларға АҚШ шоттарын ашу немесе осындай Байланысты ұйым немесе филиал орналасқан юрисдикцияларда құрылмаған Қатыспайтын қаржы мекемелеріне шоттар ашу қызметтерін мақсатты түрде көрсетумен арнайы айналыспаған және осындай Байланысты ұйымды немесе филиалды осы Келісім бойынша міндеттемелерден жалтару мақсатында немесе нақты жағдайға қарай, АҚШ Салық кодексінің 1471-бөлімінің ережелеріне сәйкес Қазақстан Республикасының Қаржы мекемесі немесе өзге де Байланысты ұйым пайдаланбаған жағдайларда, осы Келісімнің шарттарына сәйкес келуін жалғастырады және нақты жағдайға қарай, АҚШ Салық кодексінің 1471-бөлімінің мақсаттары үшін талаптарды шартты түрде сақтаушы шетелдік қаржы мекемесі немесе салық ұстаудан босатылған бенефициарлы меншік иесі ретінде қаралуын жалғастырады.

6. **Мерзімдерді үйлестіру.** Осы Келісімнің 3-бабының 3 және 5-тармақтарының ережелеріне қарамастан:

a) Қазақстан Республикасы күнтізбелік жылдың алдындағы күнтізбелік жылға қатысты ақпаратты алуға және алмасуға міндетті емес, оған сәйкес қатысатын

шетелдік қаржы мекемелерінің осыған ұқсас ақпаратты ФСБ-ға беруі АҚШ Қаржы министрлігінің тиісті қағидаларына сәйкес талап етіледі;

b) Қазақстан Республикасы катысатын шетелдік қаржы мекемелері осыған ұқсас ақпаратты АҚШ Қаржы министрлігінің тиісті қағидаларына сәйкес ФСБ-ға беруге тиіс күнге дейін ақпарат алмасуды бастауға міндетті емес;

c) Құрама Штаттар Қазақстан Республикасы ақпарат алуға және алмасуға тиіс бірінші күнтізбелік жылдың алдындағы күнтізбелік жылға қатысты ақпаратты алуға және алмасуға міндетті емес; және

d) Құрама Штаттар Қазақстан Республикасы ақпарат алмасуды бастауға тиіс күнге дейін ақпарат алмасуды бастауға міндетті емес.

7. **Анықтамаларды АҚШ Қаржы министрлігінің қағидаларымен үйлестіру.** Осы Келісімнің 1-бабына және осы Келісімге қосымшаларда берілген анықтамаларға қарамастан, осы Келісімді іске асырған кезде Қазақстан Республикасы осы Келісімдегі тиісті анықтаманың орнына АҚШ Қаржы министрлігінің тиісті қағидаларында ұсынылған анықтаманы, егер бұл қолдану осы Келісімнің мақсаттарына теріс ықпал етпесе, пайдалана алады және Қазақстан Республикасының Қаржы мекемелерінің пайдалануына рұқсат бере алады.

5-бап
Талаптарды сақтаудағы ынтымақтастық және мәжбүрлеп орындату

1. **Елеусіз және әкімшілік қателер.** Құзыретті орган, егер әкімшілік қате немесе өзге де елеусіз қате бірінші аталған Құзыретті органның анық емес немесе толық емес ақпараттың ұсынылуына әкеп соғуы мүмкін не осы Келісім ережелерінің өзгеше бұзылуына әкеп соқтырды деп пайымдауға негіздері болған жағдайда, екінші Тараптың Құзыретті органына хабарлауға міндетті. Басқа Тараптың Құзыретті органы анық және/немесе толық ақпаратты алу үшін не Келісімнің өзге де бұзушылықтарын жою үшін жергілікті заңнама ережелерін (тиісті санкцияларды қоса алғанда) қолданады.

2. **Міндеттемелердің елеулі түрде сақталмауы.**

a) Құзыретті орган басқа юрисдикциядағы Есеп беретін қаржы мекемесіне қатысты бірінші аталған Құзыретті орган осы Келісім бойынша міндеттемелердің елеулі түрде сақталмауы орын алғандығын анықтаған жағдайда, екінші Тараптың Құзыретті органына хабарлайды. Екінші Тараптың Құзыретті органы хабарламада сипатталған міндеттемелердің елеулі түрде сақталмауын жою үшін өзінің жергілікті заңнамасын (қолданылатын айыппұлдарды қоса алғанда) қолданады.

b) Егер Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі жағдайында, егер міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуге мәжбүрлейтін осы әрекеттер елеулі түрде сақтамаушылық туралы хабарламаны алғаш жібергеннен кейін 18 айдың ішінде міндеттемелердің сақталмау мәселесін шешпеген жағдайда, Құрама Штаттар Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесіне осы 2(b) тармақшаға сәйкес Қатыспайтын қаржы мекемесі ретінде қарайды.

3. **Көрсетілетін қызметтердің бөгде берушілерін тарту.** Әрбір Тарап Есеп беретін қаржы мекемесіне өздеріне Тарап жүктеген міндеттемелерді орындау үшін көрсетілетін қызметтердің бөгде берушілерін осы Келісімде көзделген тәртіппен пайдалануға рұқсат

етуге құқылы, бірақ бұл міндеттемелердің орындалуы үшін Есеп беретін қаржы мекемелері жауап беруді жалғастырады.

4. **Талаптарды орындаудан жалтаруды болдырмау.** Тараптар қажет болған жағдайда Қаржы мекемелерінің осы Келісімге сәйкес талап етілетін есептіліктен жалтаруға бағытталған практикаларды қолдануларына жол бермеуге арналған талаптарды енгізеді.

6-бап
Ақпарат алмасу тиімділігін және ашықтығын арттырудың жалғасуына қатысты өзара міндеттемелер

1. **Өзаралық.** Құрама Штаттардың Үкіметі Қазақстан Республикасымен автоматты түрде өзара ақпарат алмасудың баламалы деңгейлеріне қол жеткізу қажеттігін мойындайды. Құрама Штаттардың Үкіметі автоматты түрде өзара ақпарат алмасудың баламалы деңгейлеріне қол жеткізу үшін қағидалар қабылдау және тиісті заңнаманы қолдау арқылы Қазақстан Республикасымен ақпарат алмасудың ашықтығы мен тиімділігін одан әрі арттыруға ұмтылады.

2. **Транзиттік төлемдер мен жалпы пайда жөніндегі шарттар.** Тараптар ауыртпалықты барынша азайту үшін шетелдік транзиттік төлемдер мен жалпы пайда бойынша салық ұстау жөніндегі саясат саласында мақсаттарға қол жеткізуге практикалық тиімді баламалы тәсіл әзірлеу мақсатында өзара, сондай-ақ Әріптестік юрисдикциялармен ынтымақтасуға міндеттенеді.

3. **Белгіленген күнге алғандағы жағдай бойынша қызмет көрсетілетін шоттарды құжаттау.** Белгіленген күнге алғандағы жағдай бойынша Есеп беретін қаржы мекемелері қызмет көрсететін Есеп беретін шоттар бойынша:

a) Құрама Штаттар АҚШ-тың Есеп беретін қаржы мекемелерінен осы Келісімнің 2-бабы 2(b)(1) тармақшасының талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасының Есеп беретін шоты тиесілі әрбір Шот иесінің Қазақстан Республикасының ССН-ы туралы ақпаратты алуды және беруді талап ететін қағидаларды 2017 жылғы және одан кейінгі жылдардағы есептілік үшін 2017 жылғы 1 қаңтарға қарай белгілеуге міндеттенеді; және

b) Қазақстан Республикасы Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемелерінен осы Келісімнің 2-бабының 2(a)(1) тармақшасының талаптарына сәйкес АҚШ-тың әрбір Белгілі бір тұлғасының американдық ССН-дері туралы ақпарат алуды талап ететін қағидаларды 2017 жылғы және одан кейінгі жылдардағы есептілік үшін 2017 жылғы 1 қаңтарға қарай белгілеуге міндеттенеді.

7-бап
Әріптестік юрисдикцияға FATCA-ны қолданудағы сәйкестік

1. Қазақстан Республикасы сияқты осы Келісімнің 2 және 3-баптары мен 5-9-баптарында сипатталғандай шарттармен осындай міндеттемелерді қабылдауға міндеттенетін, басқа Әріптестік юрисдикцияға қол қойылған екіжақты келісімге сәйкес берілетін неғұрлым қолайлы шарттарды пайдалану түрінде Қазақстан Республикасының Қаржы мекемелеріне FATCA-ны қолдануға жататын осы Келісімнің 4-бабына немесе оған I қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасына жеңілдік беріледі.

2. Құрама Штаттар Қазақстан Республикасына кез келген осындай неғұрлым қолайлы шарттар туралы хабарлайды және, егер мұндай шарттар осы Келісімде көрсетілген болса, осындай неғұрлым қолайлы шарттар осы Келісімге сәйкес автоматты түрде қолданылатын болады және егер Қазақстан Республикасы жазбаша түрде мұндай шараларды қолданудан бас тартпаса ғана, неғұрлым қолайлы шарттарды қосу туралы келісімге қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

8-бап
Консультациялар және түзетулер

1. Осы Келісімді іске асыруда қиындықтар туындаған жағдайда, кез келген Тарап осы Келісімнің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында тиісті шараларды әзірлеу үшін консультациялар жүргізілуін талап ете алады.

2. Осы Келісімге түзетулерді Тараптардың өзара жазбаша келісімі негізінде енгізуге болады. Егер өзгеше келісілмесе, мұндай түзетулер осы Келісімнің 10-бабының 1-тармағында көрсетілген сол рәсімдер арқылы күшіне енеді.

9-бап
Қосымшалар

Қосымшалар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

10-бап
Келісімнің қолданылу мерзімі

1. Осы Келісім Қазақстан Республикасының осы Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті ішкі рәсімдерді аяқтағаны туралы жазбаша хабарлама Қазақстан Республикасынан Америка Құрама Штаттарына жіберілген күннен бастап күшіне енеді.

2. Тараптардың әрқайсысы басқа Тарапқа жазбаша нысанда тоқтату туралы хабарлама жібере отырып, осы Келісімнің қолданысын тоқтата алады. Осындай тоқтату туралы хабарлама алынған күннен кейін 12 ай кезең аяқталғаннан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап күшіне енеді.

3. Тараптар 2018 жылғы 31 желтоқсанға дейін осы Келісімнің 6-бабында көрсетілген міндеттемелерді орындауда ілгерілеуді көрсету мақсатында осы Келісімге қажетті өзгерістер енгізу туралы ізгі ниет рухында консультациялар өткізеді.

Жоғарыда баяндалғанды растау үшін өз үкіметтері тиісті түрде уәкілеттік берген төменде қол қойғандар осы Келісімге қол қойды.

2017 жылғы «11» қыркүйекте Астана қаласында ағылшын, қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалды әрі барлық үш мәтіннің күші бірдей.

АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫНЫҢ ҮКІМЕТІ АТЫНАН:

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ АТЫНАН:

I ҚОСЫМША

АҚШ-ТЫҢ ЕСЕП БЕРЕТІН ШОТТАРЫН АНЫҚТАУ МЕН ОЛАР БОЙЫНША ЖӘНЕ КЕЙБІР ҚАТЫСПАЙТЫН ҚАРЖЫ МЕКЕМЕЛЕРІНЕ ЖҮРГІЗІЛЕТІН ТӨЛЕМДЕР БОЙЫНША АҚПАРАТ БЕРУ МАҚСАТЫНДА КЕШЕНДІ ТЕКСЕРУ РӘСІМІНЕН ӨТУ ЖӨНІНДЕГІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

I. **Жалпы ережелер.**

А. Қазақстан Республикасы АҚШ-тың Есеп беретін шоттарын және Қатыспайтын қаржы мекемелерінде ашылған шоттарды анықтау мақсатында Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемелерінен осы I қосымшада көрсетілген кешенді тексеру рәсімдерін орындауды талап етеді.

В. Осы Келісімнің мақсаттары үшін:

1. Доллармен есептегенде барлық сомалар АҚШ долларында көрсетілген және басқа валюталардағы баламаны қамтиды.

2. Егер осы құжаттың ережелерінде өзгеше көзделмесе, шоттағы қаражат қалдығы немесе сомасы күнтізбелік жылдың соңғы күніндегі немесе басқа тиісті есепті кезеңдегі жағдай бойынша айқындалады.

3. Егер шоттағы қаражат қалдығының немесе сомасының шекті мәні осы I қосымшаға сәйкес Белгіленген күнгі жағдай бойынша айқындалса, онда шоттағы тиісті қаражат қалдығы немесе сомасы тиісті күнгі немесе Белгіленген күнге дейін тікелей аяқталатын есепті кезеңнің соңғы күніндегі жағдай бойынша айқындалады; шоттағы қаражат қалдығының немесе сомасының шекті мәні осы I қосымшаға сәйкес күнтізбелік жылдың соңғы күніндегі жағдай бойынша айқындалған жағдайларда, шоттағы тиісті қаражат қалдығы немесе сомасы күнтізбелік жылдың немесе өзге тиісті есепті кезеңнің соңғы күніндегі жағдай бойынша айқындалады.

4. Осы I қосымшаның II бөлімінің Е (1) тармақшасына сәйкес шот АҚШ-тың Есеп беретін шоты ретінде осы I қосымшада көрсетілген кешенді тексеру рәсімдеріне сәйкес сондай болып айқындалатын күннен бастап қаралады.

5. Егер өзгеше көрсетілмесе, АҚШ-тың Есеп беретін шоты бойынша ақпарат көрсетілген ақпарат тиесілі жылдан кейін келетін күнтізбелік жылы жыл сайын ұсынылады.

С. Осы I қосымшаның әрбір бөлімінде сипатталған рәсімдерге балама ретінде Қазақстан Республикасы Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемелеріне шоттың АҚШ-тың Есеп беретін шоты немесе Қатыспайтын қаржы мекемесінде ашылған шот болып табылатынын не табылмайтынын айқындау үшін АҚШ Қаржы министрлігінің тиісті Қағидаларында көрсетілген рәсімдерді қолдануға рұқсат бере алады. Қазақстан Республикасы Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемелеріне осы I қосымшаның әрбір бөлімі үшін жеке осындай рәсімдерді

не оларды барлық тиісті Қаржы шоттарына не, жеке, осындай шоттардың кез келген белгілі бір нақты тобына (мысалы, бизнестің түріне немесе шот ашылған мекеменің орналасқан жеріне сәйкес) қолдана отырып, таңдауға рұқсат бере алады.

II. **Жеке тұлғалардың бұрын ашылған шоттары.** Мына қағидалар мен рәсімдер жеке тұлғаларға тиесілі бұрын ашылған шоттардың («Жеке тұлғалардың бұрын ашылған шоттары») ішінен АҚШ-тың Есеп беретін шоттарын анықтау үшін қолданылады.

A. **Тексеруге, анықтауға немесе есептілікке енгізуге жатпайтын шоттар.** Егер Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі Жеке тұлғалардың барлық бұрын ашылған шоттарына қатысты не жеке осындай шоттардың кез келген белгілі бір нақты тобына қатысты өзгені таңдамаса, егер Қазақстан Республикасында іске асыру қағидалары осындай таңдау жасау мүмкіндігін көздейтін жағдайда, онда төменде көрсетілген Жеке тұлғалардың бұрын ашылған шоттары АҚШ-тың Есеп беретін шоттары ретінде тексеруге, анықтауға немесе есептілікке енгізуге жатпайды:

1. Осы бөлімнің E(2) тармақшасына сәйкес қаражат қалдығы немесе сомасы Белгіленген күнгі жағдай бойынша 50,000 АҚШ долларынан аспайтын Жеке тұлғаның бұрын ашылған шоты.

2. Осы бөлімнің E(2) тармақшасына сәйкес қаражат қалдығы немесе сомасы Белгіленген күнгі жағдай бойынша 250,000 АҚШ долларына тең немесе одан аз Қолма-қол ақшалай құны бар сақтандыру шарты немесе Аннуитет шарты болып табылатын Жеке тұлғаның бұрын ашылған шоты.

3. Қазақстан Республикасының немесе Құрама Штаттардың заңнамасы немесе нормативтік актілері осындай Қолма-қол ақшалай құны бар сақтандыру шартын немесе Аннуитет шартын АҚШ резиденттеріне сатуды іс жүзінде (мысалы, егер тиісті Қаржы мекемесінің АҚШ заңнамасына сәйкес қажетті тіркеуі болмаса және Қазақстан Республикасының заңнамасы Қазақстан Республикасының резиденттері сатып алған сақтандыру өнімдері бойынша есептілік беруді немесе салықты ұстап қалуды көздейтін болса) болдырмаған жағдайда, Қолма-қол ақшалай құны бар сақтандыру шарты немесе Аннуитет шарты болып табылатын Жеке тұлғаның бұрын ашылған шоты.

4. Қалдығы 50,000 АҚШ долларына тең немесе одан аз депозиттік шот.

B. **Белгіленген күнгі жағдай бойынша қаражат қалдығы немесе сомасы 50,000 АҚШ долларынан асатын (Қолма-қол ақшалай құны бар сақтандыру шарты немесе Аннуитет шарты бойынша 250,000 АҚШ доллары), бірақ 1,000,000 АҚШ долларынан аспайтын («Шағын сома шоттары») жеке тұлғалардың бұрын ашылған шоттарын тексеру рәсімдері.**

1. **Электрондық құжаттардан іздеу.** Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесінде сақталатын электрондық іздеуге қолжетімді деректерді төменде тізбеленген АҚШ-тық белгілердің кез келгенін табу үшін тексеруге тиіс:

a) Шот иесі АҚШ азаматы немесе резиденті болып табылатыны туралы сілтеме;

b) Шот иесінің АҚШ-тағы туған жеріне тікелей сілтеме;

c) Шот иесінің АҚШ-тағы қазіргі уақыттағы пошталық мекенжайы немесе нақты тұратын мекенжайы (АҚШ-тағы пошта жәшігін қоса алғанда);

d) Шот иесінің АҚШ-тағы қазіргі уақыттағы телефон нөмірі;

e) АҚШ-тағы шотқа қаражат аудару жөніндегі қолданыстағы нұсқаулықтар;

f) АҚШ-та тұрақты мекенжайы бар тұлғаға берілген қолданыстағы сенімхат немесе қол қою құқығы; немесе

g) «хат-хабарды түпкі алушыға беру үшін» мекенжайы немесе «талап етілгенге дейінгі» мекенжайы Шот иесінің Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесінде бар ***жалғыз*** мекенжайы болып табылады. Сомасы шағын шот болып табылатын Жеке тұлғаның бұрын ашылған шотына қатысты Құрама Штаттар аумағынан тыс «хат-хабарды түпкі алушыға беру үшін» мекенжайы немесе «талап етілгенге дейінгі» мекенжайы АҚШ-тық шот белгілері ретінде қаралмайды.

2. Егер электрондық іздеу кезінде осы бөлімнің B(1) тармақшасында тізбеленген АҚШ-тық шот белгілерінің бір де бірі табылмаса, егер нәтижесінде осы шотта АҚШ-тық шоттың бір немесе бірнеше белгісі пайда болатындай мән-жайлар өзгермеген болса немесе шот осы бөлімнің D тармағында сипатталғандай, Сомасы Ірі шотқа айналмаған болса, одан әрі әрекеттер талап етілмейді.

3. Егер электрондық іздеу кезінде осы бөлімнің B(1) тармақшасында тізбеленген АҚШ-тық шоттың қандай да бір белгілері табылса немесе мән-жайлар өзгеріп, нәтижесінде осы шотта АҚШ-тық шоттың бір немесе бірнеше белгісі пайда болса, осындай жағдайда Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі көрсетілген шотты, егер осы бөлімнің B(4) тармақшасының ережелерін қолдануды таңдамаса, сондай-ақ көрсетілген тармақшаның ерекшеліктерінің бірі көрсетілген шотқа қолданылатын болмаса ғана, АҚШ-тың Есеп беретін шоты ретінде қарауға тиіс.

4. Осы бөлімнің B(1) тармақшасына сәйкес АҚШ-тық шоттың анықталған белгілеріне қарамастан, Қазақстан Республикасының

Есеп беретін қаржы мекемесі мынадай жағдайларда көрсетілген шотты АҚШ-тың Есеп беретін шоты ретінде қарауға міндетті емес:

a) Егер Шот иесі туралы ақпаратта ***АҚШ-тағы*** Шот иесінің ***туған жеріне*** тікелей сілтеме болса, Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі мынадай:

(1) салық мақсаттары үшін Шот иесі өзінің АҚШ азаматы да, АҚШ резиденті де болып табылмайтыны туралы мәлімдемесі (бұл ФСБ W-8 нысанында немесе ұқсас өзге келісілген нысанда болуы мүмкін);

(2) Шот иесінде АҚШ-тан басқа мемлекеттің паспорты немесе басқа елде Шот иесінің азаматтығын немесе мәртебесін растайтын, АҚШ-тан басқа өзге елдің үкіметі берген өзге құжаттың болуы; және

(3) «Шот иесінің АҚШ азаматтығын жоғалту туралы куәлігі» көшірмесінің немесе:

(a) АҚШ азаматтығынан бас тартуына қарамастан, Шот иесінде осындай куәліктің болмауы себептері;

немесе

(b) Шот иесі АҚШ азаматтығын туған кезде алмауы себептерінің ақылға қонымды түсініктемелерінің болуы туралы мәліметтерді алады немесе оларды бұрын тексерген және сақтайды.

b) Егер Шот иесі туралы ақпаратта ***қазіргі пошталық мекенжайы немесе АҚШ-тағы нақты тұратын мекенжайы туралы немесе осы шот бойынша жалғыз байланыс телефон нөмірлері ретінде көрсетілген АҚШ-тағы бір немесе бірнеше телефон нөмірлері туралы ақпарат болса***, Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі:

(1) салық мақсаттары үшін Шот иесі өзінің АҚШ азаматы да, АҚШ резиденті де болып табылмайтыны туралы мәлімдемесі (бұл ФСБ W-8 нысанымен немесе ұқсас өзге келісілген нысанда болуы мүмкін); ***және***

(2) осы I қосымшаның VI бөлімі D тармағында айқындалған Шот иесінде АҚШ мәртебесінің жоқ екендігін растайтын құжаттар туралы мәліметтерді алады немесе оларды бұрын тексерген және сақтайды.

c) Егер Шот иесі туралы ақпаратта ***қаражатты АҚШ-тағы шотқа аудару жөніндегі қолданыстағы нұсқаулықтар болса***, Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі:

(1) салық мақсаттары үшін Шот иесі өзінің АҚШ азаматы да, АҚШ резиденті де болып табылмайтыны туралы мәлімдемесі (бұл ФСБ W-8 нысанымен немесе ұқсас өзге келісілген нысанда болуы мүмкін); және

(2) осы I қосымшаның VI бөлімі D тармағында айқындалған Шот иесінде АҚШ мәртебесінің жоқ екендігін растайтын құжаттар туралы мәліметтерді алады немесе оларды бұрын тексерген және сақтайды.

d) Егер Шот иесі туралы деректерде ***АҚШ-та мекенжайы бар тұлғаға берілген қолданыстағы сенімхат немесе қол қою құқығы туралы; Шот иесі байланыс мекенжайы ретінде көрсеткен жалғыз мекенжай болып табылатын «хат-хабарды тұпкілікті алушыға беру үшін» немесе «талап етілгенге дейінгі» мекенжайы туралы; немесе АҚШ-тағы бір немесе бірнеше телефон нөмірлері туралы ақпарат болса (егер бұл ретте шот үшін АҚШ-тан тысқары жерлердегі телефон нөмірі де көрсетілген болса)***, Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі:

(1) салық мақсаттары үшін Шот иесі өзінің АҚШ азаматы да, АҚШ резиденті де болып табылмайтыны туралы мәлімдемесі (бұл ФСБ W-8 нысанымен немесе ұқсас өзге келісілген нысанда болуы мүмкін); ***немесе***

(2) осы I қосымшаның VI бөлімі D тармағында айқындалған Шот иесінде АҚШ мәртебесінің жоқ екендігін растайтын құжаттар туралы мәліметтерді алады немесе оларды бұрын тексерген және сақтайды.

C. **<u>Шағын сома шоттары болып табылатын Жеке тұлғалардың бұрын ашылған шоттарына қолданылатын қосымша рәсімдер.</u>**

1. Шағын сома шоттары болып табылатын Жеке тұлғалардың бұрын ашылған шоттарын АҚШ-тық шот белгілерін анықтау тұрғысынан тексеру Белгіленген күннен бастап екі жылдың ішінде аяқталуға тиіс.

2. Шағын сома шоттары болып табылатын Жеке тұлғаның бұрын ашылған шоты бойынша мән-жайлар өзгерген жағдайда, нәтижесінде бұл шотта осы бөлімнің B(1) тармақшасында тізбеленген АҚШ-тық шоттың бір немесе бірнеше белгісі пайда болса, онда Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі көрсетілген шотты, егер осы бөлімнің B(4) тармақшасының ережелері қолданылмайтын болса, АҚШ-тың Есеп беретін шоты ретінде қарауға тиіс.

3. Осы бөлімнің A(4) тармақшасында сипатталған Депозиттік шоттарды қоспағанда, осы бөлімнің ережелеріне сәйкес АҚШ-тың Есеп беретін шоты ретінде айқындалған Жеке тұлғаның кез келген бұрын ашылған шоты Шот иесі АҚШ-тың Белгілі бір тұлғасы болып

отырған кезде барлық кейінгі жылдары АҚШ-тың Есеп беретін шоты ретінде қаралады.

D. **Қалдығы немесе сомасы Белгіленген күнгі немесе 2015 жылғы 31 желтоқсандағы немесе кез келген одан кейінгі жылдағы жағдай бойынша 1,000,000 АҚШ долларынан асатын Жеке тұлғалардың бұрын ашылған шоттарын («Ірі сома шоттары») кеңейтілген тексеру рәсімдері.**

1. **Электрондық құжаттардан іздеу.** Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі осы бөлімнің B(1) тармақшасында сипатталған АҚШ-тық шоттардың кез келген белгілерін анықтау үшін Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесінде сақталатын электрондық іздеуге қолжетімді деректерді тексеруге тиіс.

2. **Қағаз жеткізгіштегі құжаттардан іздеу.** Егер Қазақстан Республикасы Есеп беретін қаржы мекемесінің электрондық іздеуге қолжетімді деректер базаларында осы бөлімнің D(3) тармақшасында көрсетілген барлық ақпаратты жазу үшін бос орындар болса және осындай ақпарат алуға мүмкіндік беретін болса, осындай жағдайда қағаз жеткізгіштегі құжаттардан қосымша іздеу талап етілмейді. Егер электрондық деректер базалары осы бүкіл ақпаратты алуға мүмкіндік бермесе, онда Ірі сома шоттарына қатысты Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі клиент туралы ағымдағы негізгі деректерді де және клиент туралы ағымдағы негізгі деректердегі ақпарат жеткіліксіз болған жағдайда, осы бөлімнің B(1) тармақшасында сипатталған АҚШ-тық шоттардың белгілерін анықтау тұрғысынан шотқа байланысты және Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі соңғы бес жыл ішінде алған мынадай құжаттарды да:

a) шот бойынша қазіргі кезде соңғы ұсынылған растау құжаттарын;

b) уақыты бойынша соңғы келісімшартты немесе шот ашуға арналған құжаттарды;

c) Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі «Қылмыстық жолмен алынған ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимыл /Өз клиентіңді біл (бұдан әрі – АЖҚІ/ӨКБ) рәсімдеріне сәйкес немесе басқа реттеу мақсаттары үшін алған уақыты бойынша соңғы құжаттарды;

d) кез келген қолданыстағы сенімхатты немесе қол қою құқығын; және

e) қаражатты аудару жөніндегі кез келген қолданыстағы нұсқаулықтарды тексеруге тиіс.

3. **<u>Деректер базаларындағы ақпарат жеткілікті болған жағдайдағы ерекшеліктер.</u>** Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі, егер Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесінің электрондық іздеуге қолжетімді мынадай ақпарат:

a) Шот иесінің азаматтығы немесе резидент болу мәртебесі;

b) қазіргі кезде Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесінде Шот иесі туралы сақталған ақпаратта көрсетілген оның тұратын мекенжайы мен пошталық мекенжайы;

c) қазіргі кезде Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесінде Шот иесі туралы сақталған ақпаратта көрсетілген (егер көрсетілген болса) оның телефонының нөмірі (нөмірлері);

d) осы шоттан басқа шотқа қаражат аудару жөніндегі қолданыстағы нұсқаулықтар (Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесінің басқа филиалында немесе басқа Қаржы мекемесінде жүргізілетін шотты қоса алғанда);

e) Шот иесінің «хат-хабарды түпкі алушыға беруге арналған» мекенжайы немесе «талап етілгенге дейінгі» мекенжайы; ***және***

f) шотты басқаруға кез келген сенімхат немесе қол қою құқығы болса, рәсімі осы бөлімнің D(2) тармақшасында сипатталған қағаз жеткізгіштегі құжаттардан іздеуге міндетті емес.

4. **<u>Клиенттермен жұмыс жөніндегі менеджердің нақты ақпаратын пайдалану.</u>** Электрондық құжаттардан және қағаз жеткізгіштегі құжаттардан жоғарыда көрсетілген іздеуден басқа, Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі, егер клиенттермен жұмыс жөніндегі менеджерде Шот иесінің АҚШ-тың Белгілі бір тұлғасы болып табылатынын растайтын нақты ақпарат болса, клиенттермен жұмыс жөніндегі менеджерге бекітілген кез келген Ірі сома шотын (көрсетілген Ірі сома шотына байланысты кез келген Қаржы шоттарын қоса алғанда) АҚШ-тың Есеп беретін шоты ретінде қарауға тиіс.

5. **<u>АҚШ-тық шоттардың белгілеріне сәйкестігін анықтаған кездегі кейінгі әрекеттер.</u>**

a) Егер рәсімдері жоғарыда сипатталған Ірі сома шоттарын кеңейтілген тексеру кезінде осы бөлімнің B(1) тармақшасында тізбеленген АҚШ-тық шоттардың бірде бір белгілері табылмаса және осы бөлімнің D(4) тармақшасына сәйкес шот АҚШ-тың Белгілі бір тұлғасына тиесілі шот ретінде сәйкестендірілмесе, онда нәтижесінде осы шотта АҚШ-тық шоттың бір немесе бірнеше белгісі пайда болған мән-жайлар өзгергенге дейін, одан арғы әрекеттер талап етілмейді.

b) Егер рәсімдері жоғарыда сипатталған Ірі сома шоттарына кеңейтілген тексеру кезінде осы бөлімнің B(1) тармақшасында тізбеленген АҚШ-тық шоттың бір немесе бірнеше белгісі анықталса немесе нәтижесінде осы шотта АҚШ-тық шоттың белгілері пайда болған мән-жайлар өзгерсе, онда Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі, егер осы бөлімнің B(4) тармақшасының ережелерін қолдану туралы шешім қабылданбаса және көрсетілген тармақшаның ерекшеліктерінің бірі осы шотқа қолданылмайтын болса, осы шотты АҚШ-тың Есеп беретін шоты ретінде қарауға тиіс.

c) Осы бөлімнің A(4) тармақшасында сипатталған Депозиттік шоттарды қоспағанда, осы бөлімнің ережелеріне сәйкес АҚШ-тың Есеп беретін шоты ретінде айқындалған Жеке тұлғаның кез келген бұрын ашылған шоты Шот иесі АҚШ-тың Белгілі бір тұлғасы болып танылып отырған кезде барлық кейінгі жылдары АҚШ-тың Есеп беретін шоты ретінде қаралады.

E. **<u>Ірі сома шоттарына қолданылатын қосымша рәсімдер.</u>**

1. Егер Жеке тұлғаның бұрын ашылған шоты Белгіленген күнгі жағдай бойынша Ірі сома шоты болып табылса, Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі осы шот бойынша Белгіленген күннен бастап бір жыл ішінде осы бөлімнің D тармағында көрсетілген кеңейтілген тексеру рәсімдерін орындауға тиіс. Егер осындай тексерудің нәтижесінде осындай шот 2014 жылғы 31 желтоқсан күніне немесе оның алдындағы күнге АҚШ-тың есеп беретін шоты ретінде айқындалса, Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі осындай шот туралы 2014 жылғы қажетті ақпаратты шот бойынша бірінші есепте беруге және одан әрі барлық кейінгі жылдарда жыл сайын беруге тиіс. 2014 жылғы 31 желтоқсаннан кейін АҚШ-тың Есеп беретін шоты ретінде айқындалған шотқа қатысты Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі осындай шот туралы 2014 жылғы ақпаратты беруге міндетті емес, бірақ барлық кейінгі жылдарда шот туралы ақпаратты жыл сайын беруге тиіс.

2. Егер Жеке тұлғаның бұрын ашылған шоты Белгіленген күнгі жағдай бойынша Ірі сома шоты болып табылмаса, бірақ 2015 жылдың немесе кез келген кейінгі күнтізбелік жылдың соңғы күніндегі жағдай бойынша Ірі сома шотына айналса, Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі осы шот Ірі сома шотына айналған күнтізбелік жылдың соңғы күнінен кейінгі алты айдың ішінде осы шот бойынша осы бөлімнің D тармағында сипатталған кеңейтілген тексеру рәсімдерін орындауға тиіс. Егер осындай тексерудің нәтижесінде шот АҚШ-тың Есеп беретін шоты ретінде айқындалса, Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі осы шот туралы талап етілетін ақпаратты, ол АҚШ-тың Есеп беретін шоты ретінде айқындалған жыл үшін және Шот иесі АҚШ-тың Белгілі бір тұлғасы болып танылып отырған кезде, кейінгі жылдары үшін де жыл сайын беруге тиіс.

3. Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі Ірі сома шотына қатысты осы бөлімнің D тармағында сипатталған кеңейтілген тексеру рәсімдерін орындағаннан кейін Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі осы бөлімнің D(4) тармақшасында сипатталған сол бір Ірі сома шотына қатысты клиенттермен жұмыс жөніндегі менеджерден ақпарат алуды қоспағанда, бұл рәсімдерді кейінгі жылдары қайта орындауға міндетті емес.

4. Нәтижесінде осы шотта осы бөлімнің B(1) тармақшасында көрсетілген АҚШ-тық шоттың белгілері пайда болған Ірі сома шотына қатысты мән-жайлар өзгерген жағдайда, Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі бұл шотты, егер осы бөлімнің B(4) тармақшасын қолдану туралы шешім қабылданбаса және осы тармақшаның ерекшеліктерінің бірі осы шотқа қатысты қолданылмайтын болса ғана, АҚШ-тың Есеп беретін шоты ретінде қарауға тиіс.

5. Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі клиенттермен жұмыс жөніндегі менеджердің шотқа байланысты мән-жайлардағы өзгерістерді анықтауын қамтамасыз ететін рәсімдерді енгізуге тиіс. Мысалы, егер клиенттермен жұмыс жөніндегі менеджер Шот иесінің АҚШ-тағы жаңа пошталық мекенжайы туралы ақпарат алса, Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі осы жаңа мекенжайды мән-жайлардың өзгеруі деп есептеуге тиіс және, егер ол осы бөлімнің B(4) тармақшасын қолдануды шешсе, Шот иесінен тиісті құжаттама алуға тиіс.

F. **<u>Жеке тұлғалардың басқа мақсаттар үшін ресімделген, бұрын ашылған шоттары.</u>** Бұрын Шот иесінен оның АҚШ азаматы да, АҚШ резиденті де болып табылмайтын тұлға ретіндегі мәртебесін растайтын құжаттаманы алған Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі білікті делдал, салық ұстайтын шетелдік әріптестік және салық ұстайтын шетелдік траст туралы, ФСБ-мен жасалған келісімге сәйкес өз міндеттемелерін орындау мақсатында немесе АҚШ кодексінің 26-бөлімінің 61-тарауына сәйкес өз міндеттемелерін орындау үшін Шағын сома шоттарына қатысты осы бөлімнің B(1) тармақшасында немесе Ірі сома шоттарына қатысты осы бөлімнің D(1)-D(3) тармақшаларында көрсетілген рәсімдерді орындауға міндетті емес.

III. **<u>Жеке тұлғалардың жаңа шоттары.</u>** Жеке тұлғаларға тиесілі және Белгіленген күннен кейін ашылған Қаржы шоттарының («Жеке тұлғалардың жаңа шоттары») ішінен АҚШ-тың Есеп беретін шоттарын анықтау мақсаттары үшін мынадай қағидалар мен рәсімдер қолданылады.

A. **<u>Тексеруді, анықтауды немесе есептілікке енгізуді талап етпейтін шоттар.</u>** Егер Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі Жеке тұлғалардың барлық жаңа шоттарына қатысты не жеке осындай шоттардың кез келген нақты айқындалған тобына қатысты өзге шешім қабылдамаса, егер Қазақстан Республикасында іске асыру қағидалары

осындай таңдау мүмкіндігін көздейтін жағдайда, төмендегі Жеке тұлғалардың жаңа шоттары:

1. Шоттағы қалдығы кез келген күнтізбелік жылдың немесе басқа тиісті есепті кезеңнің соңына 50,000 АҚШ долларынан аспайтын Депозиттік шот.

2. Егер Қолма-қол ақшалай құны кез келген күнтізбелік жылдың немесе басқа тиісті есепті кезеңнің соңына 50,000 АҚШ долларынан аспаса, Қолма-қол ақшалай құны бар сақтандыру шарты АҚШ-тың Есеп беретін шоттары ретінде тексеруді, анықтауды немесе есептілікке енгізуді талап етпейді.

В. **Жеке тұлғалардың өзге жаңа шоттары.** Осы бөлімнің А тармағында көрсетілмеген Жеке тұлғалардың жаңа шоттарына қатысты, шот ашылғаннан кейін (немесе осы шот осы бөлімнің А тармағында көрсетілген шот болуы тоқтатылатын күнтізбелік жыл аяқталғаннан кейін 90 күннің ішінде) Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі Шот иесінің өзінің растауын алуға тиіс, ол Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесінің салық салу мақсаттары үшін Шот иесі Құрама Штаттардың резиденті болып табылатынын не болып табылмайтынын айқындауына (осы мақсат үшін АҚШ азаматы, егер тіпті Шот иесі басқа юрисдикцияда салық резиденті болып табылса да, салық салу мақсаттары үшін Құрама Штаттардың резиденті деп есептеледі) мүмкіндік беретін, шотты ашуға арналған құжаттаманың бір бөлігі болуы мүмкін және Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі АЖҚІ/ӨКБ рәсімдеріне сәйкес жинақталған кез келген құжаттаманы қоса алғанда, шот ашуға байланысты алған ақпараттың негізінде Шот иесі ұсынған осы бекітудің негізділігін растауға тиіс.

1. Егер Шот иесінің өзінің растауында Шот иесінің салық салу мақсаттары үшін Құрама Штаттардың резиденті болып табылатыны мәлімделсе, Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі осындай шотты АҚШ-тың Есеп беретін шоты деп есептеуге және Шот иесінің АҚШ ССН-ін қамтитын оның өзінің растауын алуға тиіс (ол ФСБ W-9 нысанында немесе осыған ұқсас өзге де келісілген нысанда болуы мүмкін).

2. Жеке тұлғаның жаңа шотына байланысты мән-жайлардың өзгеруі нәтижесінде Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесіне Шот иесінің бастапқы растауы қате немесе сенімсіз екені мәлім болған немесе солай пайымдауға негіздер болған жағдайда, Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі Шот иесінің өзінің бастапқы растауын негізге ала алмайды және Шот иесінің ол АҚШ-та салық салу мақсаттары үшін Есеп беретін қаржы мекемесіне АҚШ азаматы немесе АҚШ резиденті болып табылатынын не болып табылмайтынын анықтауға мүмкіндік беретін Шот иесінің өзінің дұрыс растауын алуға тиіс. Егер Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі Шот иесінің өзінің дұрыс растауын алу мүмкіндігі болмаса, Қазақстан Республикасының

Есеп беретін қаржы мекемесі осы шотты АҚШ-тың Есеп беретін шоты деп есептеуге тиіс.

IV. **Ұйымдардың бұрын ашылған шоттары.** Ұйымдарға тиесілі, бұрын ашылған шоттардың ішінен («Ұйымдардың бұрын ашылған шоттары») АҚШ-тың Есеп беретін шоттарын және Қатыспайтын қаржы мекемелеріне тиесілі шоттарды айқындау мақсаттары үшін төмендегідей қағидалар мен рәсімдер қолданылады.

A. **Ұйымдардың тексеруді, анықтауды немесе есептілікке енгізуді талап етпейтін шоттары.** Егер Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі Ұйымдардың бұрын ашылған барлық шоттарына қатысты не жеке осындай шоттардың кез келген нақты айқындалған тобына қатысты өзге шешім қабылдамаса, егер Қазақстан Республикасында іске асыру қағидалары осындай таңдау жасау мүмкіндігін көздеген жағдайда, қалдығы немесе сомасы Белгіленген күнгі жағдай бойынша 250,000 АҚШ долларынан аспайтын Ұйымның бұрын ашылған шоты ондағы қалдық немесе сома 1,000,000 АҚШ долларынан аспайынша, АҚШ-тың Есеп беретін шоты ретінде тексеруді, анықтауды немесе есептілікке енгізуді талап етпейді.

B. **Ұйымның тексеруге жататын шоттары.** Қалдығы немесе сомасы Белгіленген күнгі жағдай бойынша 250,000 АҚШ долларынан асатын Ұйымның бұрын ашылған шоты және қалдығы немесе сомасы Белгіленген күндегі жағдай бойынша 250,000 АҚШ долларынан аспайтын, бірақ ондағы қалдығы немесе сомасы 2015 жылғы немесе кез келген кейінгі күнтізбелік жылғы соңғы күндегі жағдай бойынша 1,000,000 АҚШ долларынан асатын Ұйымның бұрын ашылған шоты осы бөлімнің D тармағында көрсетілген рәсімдерге сәйкес тексерілуге тиіс.

C. **Ұйымдардың есептілік беру талап етілетін шоттары.** Осы бөлімнің B тармағында көрсетілген, Ұйымдардың бұрын ашылған шоттарына қатысты АҚШ-тың Белгілі бір тұлғалары немесе АҚШ азаматтары немесе АҚШ резиденттері болып табылатын бір немесе бірнеше Бақылаушы тұлғалары бар Белсенді емес ШҚЕҰ болып табылатын бір немесе бірнеше ұйымға тиесілі шоттар ғана АҚШ-тың Есеп беретін шоттары болып есептеледі. Бұдан басқа, Қатыспайтын қаржы мекемелеріне тиесілі шоттар Қазақстан Республикасының Құзыретті органына Келісімнің 4-бабының 1(b) тармағында көрсетілген жиынтық төлемдер туралы ақпарат хабарланатын шоттар деп есептеледі.

D. **Ұйымдардың есептілік беру талап етілетін шоттарын айқындауға арналған тексеру рәсімдері.** Осы бөлімнің B тармағында көрсетілген Ұйымдардың бұрын ашылған шоттары үшін Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі шоттың бір немесе бірнеше АҚШ-тың Белгілі бір тұлғаларына, АҚШ азаматтары немесе АҚШ резиденттері болып табылатын бір немесе бірнеше Бақылаушы тұлғалары бар Белсенді емес ШҚЕҰ немесе Қатыспайтын қаржы мекемелеріне тиесілілігін айқындау мақсатында тексерудің мынадай рәсімдерін орындауға тиіс:

1. **Ұйымның АҚШ-тың Белгілі бір тұлғасы болып табылатынын не табылмайтынын айқындау.**

a) Реттеуші мақсаттарда немесе клиенттермен жұмыс істеу үшін сақталатын ақпаратты (АЖҚІ/ӨКБ рәсімдеріне сәйкес жиналған ақпаратты қоса алғанда) осы ақпарат Шот иесінің АҚШ тұлғасы болып табылатынын көрсететінін не көрсетпейтінін айқындау үшін тексеру. Осы мақсаттар үшін Шот иесінің АҚШ тұлғасы болып табылатынын көрсететін ақпарат АҚШ-та тіркелу немесе құрылу орнын немесе АҚШ-тағы мекенжайды қамтиды.

b) Егер ақпарат Шот иесінің АҚШ тұлғасы болып табылатындығын көрсетсе, Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі, егер ол Шот иесінің өзінің растауын алмаса (бұл ФСБ W-8 немесе W-9 нысанында немесе осыған ұқсас келісілген нысанда болуы мүмкін) немесе өзінің қолында бар немесе жалпыға қолжетімді ақпараттың негізінде Шот иесі АҚШ-тың Белгілі бір тұлғасы болып табылмайтынын негізді түрде анықтамаса, осы шотты АҚШ-тың Есеп беретін шоты деп есептеуге тиіс.

2. **<u>Американдық емес ұйым Қаржы мекемесі болып табылатынын не болып табылмайтынын айқындау.</u>**

a) Реттеуші мақсаттарда немесе клиенттермен жұмыс істеу үшін сақталатын ақпаратты (АЖҚІ/ӨКБ рәсімдеріне сәйкес жиналған ақпаратты қоса алғанда) осы ақпарат Шот иесінің Қаржы мекемесі болып табылатынын көрсететінін не көрсетпейтінін айқындау үшін тексеру.

b) Егер ақпарат Шот иесінің Қаржы мекемесі болып табылатынын көрсетсе немесе Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі шетелдік қаржы мекемелерінің ФСБ жариялаған тізімінде Шот иесіне тиесілі делдалдың жаһандық сәйкестендіру нөмірін растаса, онда бұл шот АҚШ-тың Есеп беретін шоты болып табылмайды.

3. **<u>Қаржы мекемесі өзіне қатысты төлемдер Келісімнің 4-бабының 1(b) тармақшасына сәйкес жиынтық есептілікке енгізілуге тиіс, Қатыспайтын қаржы мекемесі болып табылатындығын не табылмайтынын айқындау.</u>**

a) Осы бөлімнің D(3)(b) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі, егер мән-жайларға қарай, шетелдік қаржы мекемелерінің ФСБ жариялаған тізімінде немесе жалпыға қолжетімді немесе Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесінің қолында бар ақпаратта Шот иесіне тиесілі делдалдың жаһандық сәйкестендіру нөмірі негізінде Шот иесінде осындай мәртебе бар екендігін негізді түрде анықтаса, Шот иесінің Қазақстан Республикасының Қаржы мекемесі немесе басқа Әріптестік юрисдикциядағы Қаржы мекемесі болып табылатынын айқындай алады. Мұндай жағдайда осы шотқа қатысты қосымша тексеру, оны анықтау немесе есептілікке енгізу талап етілмейді.

b) Егер Шот иесі Қазақстан Республикасының Қаржы мекемесі немесе ФСБ Қатыспайтын қаржы мекемесі ретінде қарастыратын басқа Әріптестік юрисдикциядағы қаржы мекемесі болып табылса, онда бұл шот АҚШ-тың Есеп беретін шоты болып табылмайды, бірақ Шот иесіне жүргізілген төлемдер Келісімнің 4-бабының 1(b) тармақшасына сәйкес есепке енгізілуге тиіс.

c) Егер Шот иесі Қазақстан Республикасының Қаржы мекемесі немесе басқа Әріптестік юрисдикциядағы Қаржы мекемесі болып табылмаса, егер Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі ғана:

(1) Шот иесінің өзінен АҚШ Қаржы министрлігінің тиісті Қағидаларындағы осы ұғымдардың анықтамасына сәйкес оның сертификатталған талаптарды шартты түрде сақтаушы, шетелдік қаржы мекемесі немесе салық ұстаудан босатылған бенефициарлы меншік иесі болып табылатынын растауды (бұл ФСБ W-8 нысанында немесе осыған ұқсас келісілген нысанда болуы мүмкін) алмаса; ***немесе***

(2) қатысатын шетелдік қаржы мекемесі немесе тіркелген талаптарды шартты түрде сақтаушы шетелдік қаржы мекемесі жағдайында шетелдік қаржы мекемелерінің ФСБ жарияланған тізімінде делдалдың Шот иесіне тиесілі делдалдың жаһандық сәйкестендіру нөмірінің болуын растамаса, Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі оған қатысты төлемдер Келісімнің 4-бабының 1(b) тармақшасына сәйкес есептілікке енгізілуге тиіс Шот иесін Қатыспайтын қаржы мекемесі деп есептеуге тиіс.

4. **<u>ШҚҰЕ-ге тиесілі шот АҚШ-тың Есеп беретін шоты болып табылатынын не табылмайтынын айқындау.</u>** АҚШ тұлғасы немесе Қаржы мекемесі ретінде айқындалмаған Ұйымның бұрын ашылған шоты бар Шот иесіне қатысты Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі (i) Шот иесінде Бақылаушы тұлғалардың бар-жоғын, (ii) Шот иесінің Белсенді емес ШҚЕҰ болып табылатынын не болып табылмайтынын және (iii) Шот иесінің Бақылаушы тұлғаларының бірі АҚШ азаматы немесе АҚШ резиденті болып табылатынын не болып табылмайтынын айқындауға тиіс. Бұл ретте, Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі осы бөлімнің D(4)(a)-D(4)(d) тармақшаларында қамтылған нұсқаулықтарды нақты мән-жайларда неғұрлым қолайлы дәйектілікпен ұстануға тиіс.

a) Шот иесінің Бақылаушы тұлғаларын анықтау мақсатында Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі АЖҚІ/ӨКБ рәсімдеріне сәйкес жиналатын және сақталатын ақпаратты негізге алуға болады.

b) Шот иесінің Белсенді емес ШҚЕҰ болып табылатынын не болып табылмайтынын анықтау мақсатында Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі Шот иесі Белсенді ШҚЕҰ болып табылатынын қолында бар немесе жалпыға қолжетімді ақпараттың негізінде негізді түрде айқындай алатын жағдайда қоспағанда, оның мәртебесін белгілеу үшін Шот иесінің өзінің растауын (бұл ФСБ W-8 немесе W-9 нысанында немесе осыған ұқсас келісілген нысанда болуы мүмкін) алуға тиіс.

c) Салық салу мақсаттары үшін белсенді емес ШҚЕҰ Бақылаушы тұлғасы АҚШ азаматы немесе АҚШ резиденті болып табылатынын не болып табылмайтынын анықтау мақсатында Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі мыналарды:

(1) Қалдығы немесе сомасы 1,000,000 АҚШ долларынан аспайтын, бір немесе бірнеше ШҚЕҰ-ға тиесілі Ұйымның бұрын ашылған шоты үшін АЖҚІ/ӨКБ рәсімдеріне сәйкес жиналатын және сақталатын ақпаратты; ***немесе***

(2) Қалдығы немесе сомасы 1,000,000 АҚШ долларынан асатын бір немесе бірнеше ШҚЕҰ-ға тиесілі ұйымның бұрын ашылған шоты үшін Шот иесінің өзінің (бұл ФСБ W-8 немесе W-9 нысанында немесе осыған ұқсас келісілген нысанда болуы мүмкін) растауын немесе осындай Бақылаушы тұлғаның растауын негізге алуға болады.

d) Егер Белсенді емес ШҚЕҰ-ның қандай да бір Бақылаушы тұлғасы АҚШ азаматы немесе АҚШ резиденті болып табылса, бұл шот АҚШ-тың Есеп беретін шоты ретінде қаралады.

E. **<u>Ұйымдардың бұрын ашылған шоттарына қолданылатын тексеру мерзімдері және қосымша рәсімдер.</u>**

1. Белгіленген күнгі жағдай бойынша қалдығы немесе сомасы 250,000 АҚШ долларынан асатын Ұйымдардың бұрын ашылған шоттарын тексеру Белгіленген күннен бастап екі жыл ішінде аяқталуға тиіс.

2. Белгіленген күнгі жағдай бойынша қалдығы немесе сомасы 250,000 АҚШ долларынан аспайтын, бірақ 2015 жылғы немесе кез келген кейінгі жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 1,000,000 АҚШ долларынан асатын Ұйымдардың бұрын ашылған шоттарын тексеру шоттағы қалдығы немесе сомасы 1,000,000 АҚШ долларынан асатын күнтізбелік жылдың соңғы күнінен кейін алты айдың ішінде аяқталуға тиіс.

3. Ұйымның бұрын ашылған шотына байланысты мән-жайлар өзгерген жағдайда, оның нәтижесінде Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесіне Шот иесінің өзінің растауы немесе

шотқа байланысты басқа құжаттама қате немесе сенімсіз екендігі мәлім болса немесе солай пайымдауға негіздер болса, Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі шот мәртебесін осы бөлімнің D тармағында белгіленген рәсімдерге сәйкес қайта айқындауға тиіс.

V. **Ұйымдардың жаңа шоттары.** Ұйымдарға тиесілі және Белгіленген күннен кейін ашылған Қаржы шоттардың («Ұйымдардың жаңа шоттары») ішінен АҚШ-тың Есеп беретін шоттарын және Қатыспайтын қаржы мекемелеріне тиесілі шоттарды айқындау үшін мынадай қағидалар мен рәсімдер қолданылады.

A. **Ұйымдардың тексеруді, анықтауды немесе есептілікке енгізуді талап етпейтін шоттары.** Егер Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі Ұйымдардың барлық жаңа шоттарына қатысты немесе жеке осындай шоттардың кез келген нақты айқындалған тобына қатысты өзгеше шешім қабылдамаса, егер Қазақстан Республикасында іске асыру қағидалары осындай таңдау жасау мүмкіндігін көздесе, осындай шот ашылған Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі Шот иесіне тиесілі шоттағы соманың 50,000 АҚШ долларынан асуына кедергі келтіретін саясат пен рәсімдерді енгізген жағдайда, Ұйымның Жаңа шоты болып саналатын кредиттік картаның шоты немесе жаңартылатын кредиттік желі тексеруді, анықтауды немесе есептілікке енгізуді талап етпейді.

B. **Ұйымдардың өзге жаңа шоттары.** Осы бөлімнің A тармағында сипатталмаған Ұйымдардың жаңа шоттарына қатысты, Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі Шот иесінің: (i) АҚШ-тың Белгілі бір тұлғасы; (ii) Қазақстан Республикасының Қаржы мекемесі немесе басқа Әріптестік юрисдикциядағы қаржы мекемесі; (iii) бұл ұғымдардың АҚШ-тың Қаржы министрлігінің тиісті Қағидаларында айқындалуына қарай қатысатын шетелдік қаржы мекемесі, талаптарды шартты түрде сақтаушы қаржы мекемесі немесе салықты ұстаудан босатылған бенефициарлы меншік иесі; немесе (iv) белсенді ШҚЕҮ немесе белсенді емес ШҚЕҮ болып табылатынын не болып табылмайтынын айқындауға тиіс.

1. Осы бөлімнің B(2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі, егер Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі нақты жағдайға байланысты Шот иесіне тиесілі делдалдың жаһандық сәйкестендіру нөмірінің немесе ашық қолжетімді немесе Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесінің иелігіндегі өзге де ақпараттың негізінде Шот иесінің осындай мәртебесі бар екенін негізді түрде анықтаса, Шот иесі белсенді ШҚЕҮ, Қазақстан Республикасының Қаржы мекемесі немесе басқа Әріптестік юрисдикциядағы Қаржы мекемесі болып табылатынын айқындай алады.

2. Егер Шот иесі Қазақстан Республикасының Қаржы мекемесі немесе ФСБ Қатыспайтын қаржы мекемесі деп қарайтын басқа Әріптестік юрисдикциядағы Қаржы мекемесі болып табылса, онда шот АҚШ-тың Есеп беретін шоты деп танылмайды, бірақ Шот

иесінің шотына жүргізілген төлемдер Келісімнің 4-бабының 1(b) тармақшасында көрсетілгендей есепте көрсетілуге тиіс.

3. Барлық басқа жағдайларда Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі Шот иесінің мәртебесін анықтау үшін Шот иесінің өзінен растауды алуға тиіс. Алынған растауға байланысты мынадай қағидалар қолданылады:

a) Егер Шот иесі ***АҚШ-тың Белгілі бір тұлғасы*** болып табылса, Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі бұл шотты АҚШ-тың Есеп беретін шоты ретінде қарауға тиіс.

b) Егер Шот иесі Белсенді емес ШҚЕҰ болып табылса, Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі АЖҚІ/ӨКБ рәсімдеріне сәйкес Бақылаушы тұлғалардың жеке басын анықтауға тиіс және Шот иесінің немесе осы тұлғаның өзінің растауы негізінде Бақылаушы тұлғаның Құрама Штаттардың азаматы немесе резиденті болып табылатынын не болып табылмайтынын айқындауға тиіс. Егер Бақылаушы тұлға Құрама Штаттардың азаматы немесе резиденті болып табылса, Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі шотты АҚШ-тың Есеп беретін шоты ретінде қарауға тиіс.

c) Егер Шот иесі: (i) АҚШ-тың Белгілі бір тұлғасы болып табылмайтын АҚШ тұлғасы; (ii) осы бөлімнің B(3)(d) тармақшасының ережелері ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының Қаржы мекемесі немесе басқа Әріптестік юрисдикциядағы Қаржы мекемесі; осы ұғымдардың АҚШ-тың Қаржы министрлігінің тиісті Қағидаларында айқындалуына қарай (iii) қатысатын шетелдік қаржы мекемесі талаптарды шартты түрде сақтаушы қаржы мекемесі немесе салықты ұстаудан босатылған бенефициарлы меншік иесі; (iv) Белсенді ШҚЕҰ; немесе (v) Бақылаушы тұлғаларының ешқайсысы АҚШ-тың азаматы немесе резиденті болып табылмайтын Белсенді емес ШҚЕҰ болып табылса, онда шот АҚШ-тың Есеп беретін шоты болып табылмайды және ол бойынша есептілік талап етілмейді.

d) Егер Шот иесі Қатыспайтын қаржы мекемесі болып табылса (Қазақстан Республикасының Қаржы мекемесін немесе ФСБ Қатыспайтын қаржы мекемесі ретінде қарайтын басқа Әріптестік юрисдикциядағы Қаржы мекемесін қоса алғанда), онда шот АҚШ-тың Есеп беретін шоты болып табылмайды, бірақ Шот иесінің шотына төлемдер Келісімнің 4-бабының 1(b) тармақшасында көзделген тәртіппен есепте көрсетілуге тиіс.

VI. **Ерекше қағидалар мен анықтамалар.** Жоғарыда сипатталған кешенді тексеру рәсімдерін қолдану кезінде мынадай қосымша қағидалар мен анықтамалар қолданылады:

A. **Шот иесінің өзінің растаулары мен құжаттамалық растауларға сенім білдіру.** Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі, егер

Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесіне Шот иесінің өзінің растауы немесе құжаттамалық растауы қате немесе сенімсіз екені мәлім болса немесе ол солай негізді түрде пайымдаса, Шот иесінің өзінің растауына немесе құжаттамалық растауларға сенім білдіре алмайды.

В. **Анықтамалар.** Осы I қосымшаның мақсаттары үшін мынадай анықтамалар пайдаланылады.

1. **АЖҚІ/ӨКБ рәсімдері.** «АЖҚІ/ӨКБ рәсімдері» Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі Қылмыстық жолмен алынған ақшаны жылыстатуға қарсы іс-кимыл жөніндегі талаптарға немесе осындай Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі сақтауға міндетті Қазақстан Республикасының осыған ұқсас өзге де талаптарына сәйкес қолданатын клиентті кешенді тексеру рәсімдерін білдіреді.

2. **ШҚЕҰ.** «Шетелдік қаржылық емес ұйым» АҚШ-тың Қаржы министрлігінің тиісті Қағидаларындағы анықтамаға сәйкес, шетелдік қаржы мекемесі болып табылмайтын немесе осы бөлімнің В(4) (j) тармағында сипатталған Ұйым болып табылатын кез келген Американдық емес ұйымды білдіреді және сонымен қатар Қазақстан Республикасында немесе басқа Әріптестік юрисдикцияда құрылған Қаржы мекемесі болып табылмайтын кез келген Американдық емес ұйымды да қамтиды.

3. **Белсенді емес ШҚЕҰ.** «Белсенді емес Шетелдік қаржылық емес ұйым» – бұл: АҚШ-тың Қаржы министрлігінің Қағидаларына сәйкес (i) белсенді ШҚЕҰ немесе (ii) салық ұстайтын шетелдік әріптестік немесе салық ұстайтын шетелдік траст болып табылмайтын ШҚЕҰ.

4. **Белсенді ШҚЕҰ.** «Белсенді Шетелдік қаржылық емес ұйым» – бұл мынадай өлшемшарттардың біріне сай келетін кез келген ШҚЕҰ:

a) ШҚЕҰ-ның алдыңғы күнтізбелік жылдағы немесе өзге тиісті есепті кезеңдегі жалпы кірісінің 50 пайызынан азы - бұл пассивті кіріс және ШҚЕҰ-ның алдыңғы күнтізбелік жылдағы немесе өзге тиісті есепті кезеңдегі иелік еткен 50 пайыздан аз активтері - бұл пассивті кіріс әкелетін немесе пассивті кіріс алу үшін есепке алынатын активтер;

b) ШҚЕҰ акциялары жүйелі түрде бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында айналады немесе ШҚЕҰ акциялары бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында жүйелі түрде айналатын ұйымның Байланысты ұйымы болып табылады;

c) ШҚЕҰ АҚШ Аумағында құрылған және төлемдер алушының барлық меншік иелері АҚШ-тың осы Аумағының заңды резиденттері болып табылады;

d) ШҚЕҮ үкімет (АҚШ үкіметінен басқа), осындай үкіметтің әкімшілік-аумақтық бірлігі (екі түрлі мағынада түсінілуін болғызбау үшін ол штатты, облысты, округті, қаланы немесе ауданды қамтиды) немесе аталған үкіметтің немесе оның әкімшілік-аумақтық бірлігінің функцияларын орындайтын мемлекеттік орган, АҚШ Аумағының үкіметі, халықаралық ұйым, американдық емес орталық эмитент банк немесе жоғарыда көрсетілген субъектілердің біріне немесе бірнешеуіне толығымен тиесілі Ұйым болып табылады;

e) ШҚЕҮ-ның барлық қызметі негізінде бір немесе бірнеше еншілес компанияның шығарылған акцияларын ұстаудан (толық немесе ішінара) немесе Қаржы мекемесінің қызметінен басқа коммерциялық немесе шаруашылық қызметті жүзеге асыратын бір немесе бірнеше еншілес компанияға қаржыландыруды және көрсетілетін қызметтерді ұсынудан тұрады, алайда, егер ұйым тікелей инвестициялар қоры, венчурлік қор, қарыз қаражатының көмегімен сатып алу қоры немесе мақсаты инвестициялық мақсаттарға арналған капитал активтері ретінде осы компаниялардағы үлестерді кейіннен иелене отырып, компанияларды сатып алу немесе қаржыландыру болып табылатын кез келген инвестициялық құрылым сияқты инвестициялық қор ретінде жұмыс істейтін (немесе әрекет ететін) болса, ұйым ШҚЕҮ мәртебесіне ие бола алмайды;

f) ШҚЕҮ өзінің бастапқы құрылған күнінен бастап 24 ай өткеннен кейінгі күнге ШҚЕҮ осындай ерекшеліктің ықпалына түспейтін жағдайда, ШҚЕҮ әлірге коммерциялық қызметті жүргізбейді және оған дейін бизнес жүргізу өтілі болмайды, бірақ Қаржы мекемесінің коммерциялық қызметінен басқа коммерциялық қызметті жүргізу ниетімен активтерге капиталдар салады;

g) ШҚЕҮ соңғы бес жылда Қаржы мекемесі болмаған және қазіргі уақытта өз активтерін жоюда немесе Қаржы мекемесінің коммерциялық қызметінен басқа коммерциялық қызметті жалғастыру немесе қайта жанарту ниетімен қайта ұйымдастырылуда;

h) ШҚЕҮ негізінде, Қаржы мекемелері болып табылмайтын Байланысты ұйымдармен немесе Байланысты ұйымдардың атынан қаржыландыру және хеджирлеу операцияларын жасайды және осындай кез келген Байланысты ұйымдар тобы, негізінде Қаржы мекемесінің коммерциялық қызметінен басқа коммерциялық қызметті жүзеге асырған жағдайда, Байланысты ұйымдар болып табылмайтын Ұйымдарға қаржыландыру немесе хеджирлеу бойынша көрсетілетін қызметтерін ұсынбайды;

i) ШҚЕҮ АҚШ-тың Қаржы министрлігінің тиісті Қағидаларында сипатталған «ШҚЕҮ-ға қойылатын талаптарды орындаудан босатылған» болып табылады; ***немесе***

j) ШҚЕҮ барлық мынадай талаптарға сай келеді:

i. Ол тек діни, қайырымдылық, ғылыми, көркем өнер, мәдени, спорттық немесе білім беру мақсаттарында өзі тұрақты орналасқан жердің юрисдикциясында құрылған және әрекет етеді; немесе ол өзі тұрақты орналасқан жердің юрисдикциясында құрылған және әрекет етеді, кәсіптік ұйым, кәсіпкерлер одағы, сауда палатасы, кәсіподақ ұйымы, ауыл шаруашылығы немесе бау-бақша ұйымы, азаматтық одақ немесе тек әлеуметтік қамсыздандыру бағдарламаларын ілгерілету үшін әрекет ететін ұйым болып табылады;

ii. Ол өзі тұрақты орналасқан жердің юрисдикциясында табыс салығын төлеуден босатылған;

iii. Онда оның кірістерінде немесе активтерінде мүліктік немесе бенефициарлық үлесі бар акционерлер немесе қатысушылар жоқ;

iv. ШҚЕҮ-ның тұрақты орналасқан жерінің юрисдикциясында қолданылатын заңнама немесе ШҚЕҮ-ның құрылтай құжаттары ШҚЕҮ қайырымдылық қызметін жүзеге асыру немесе көрсетілген қызметтер үшін негізді сыйақы төлеуге немесе ШҚЕҮ сатып алған мүліктің әділ нарықтық құнын төлеуге арналған жағдайлардан басқа кезде ШҚЕҮ кірістерін немесе активтерін бөлуге немесе оларды жекеше адамның немесе қайырымдылық емес Ұйымның мүддесіне пайдалануға мүмкіндік бермейді; ***және***

v. ШҚЕҮ-ның тұрақты орналасқан жерінің юрисдикциясында қолданылатын заңнама немесе ШҚЕҮ-ның құрылтай құжаттары ШҚЕҮ жойылған немесе таратылған кезде оның барлық активтері мемлекеттік ұйымға немесе өзге коммерциялық емес ұйымға берілуін немесе иесіз мүлік ретінде ШҚЕҮ орналасқан жер юрисдикциясы мемлекетінің немесе оның кез келген әкімшілік-аумақтық бірлігінің меншігіне өтуін талап етеді.

5. **<u>Бұрын ашылған шот.</u>** «Бұрын ашылған шот» Белгіленген күндегі жағдай бойынша Есеп беретін қаржы мекемесінде ашылған Қаржы шотын білдіреді.

6. **<u>Белгіленген күн.</u>** «Белгіленген күн» АҚШ Салық кодексінің 1471-бөліміне сәйкес АҚШ Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Қаржы мекемелеріне қатысты салық ұстауды қолданбауды белгілейтін күнді, осы Келісім күшіне енгенге дейін болуы мүмкін күнді білдіреді. Бұл күн: (a) 2014 жылғы 30 маусым, (i) 2014 жылғы 30 маусымда немесе оған дейін FATCA-ны іске асыру

немесе FATCA-ны іске асыруға жәрдемдесу жөнінде Құрама Штаттармен келісімге қол қойған юрисдикция немесе (ii) АҚШ Қаржы министрлігі 2014 жылғы 30 маусымда немесе оған дейін осындай келісімге қол жеткізген юрисдикция деп айқындаған және АҚШ Қаржы министрлігінің осындай юрисдикцияларының тізіміне кіретін жағдайда, (b) 2014 жылғы 30 қарашада, егер Қаржы министрлігі 2014 жылғы 1 шілдеде немесе одан кейін және 2014 жылғы 30 қарашаға немесе оған дейін осындай келісімге қол жеткізген юрисдикция деп айқындаған және АҚШ Қаржы министрлігінің осындай юрисдикцияларының тізіміне кіретін жағдайда, немесе (c) кез келген басқа юрисдикциялар жағдайында осындай келісімге қол қойған күн. Қазақстан Республикасы үшін 2014 жылғы 30 қараша Белгіленген күн болып табылады.

С. **Шоттардағы қалдықтарды біріктіру және сомаларды басқа валютада қайта есептеу қағидалары.**

1. **Жеке тұлғалардың шоттарын біріктіру.** Жеке тұлғаға тиесілі Қаржы шоттары бойынша жалпы қалдықты немесе құнын айқындау мақсаттары үшін Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі, егер тек Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесінің автоматтандырылған жүйесі осы Қаржы шоттарын клиенттің нөмірі немесе салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі сияқты деректер элементіне сілтеме жасау арқылы байланыстырса және шоттар бойынша қалдықтарды немесе сомаларды біріктіруге мүмкіндік берсе, Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі немесе Байланысты ұйым қызмет көрсететін барлық Қаржы шоттарын біріктіруге тиіс. Осы 1-тармақта көрсетілген біріктіру бойынша талаптарды орындау мақсаттары үшін біріктірілген Қаржы шотының әрбір иесіне бірлескен Қаржы шоты қалдықтарының барлық сомасы немесе жалпы сомасы жатқызылады.

2. **Ұйымдардың Шоттарын біріктіру.** Ұйымға тиесілі Қаржы шоттары бойынша жалпы қалдықты немесе құнын айқындау мақсаттары үшін Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі, егер тек Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесінің автоматтандырылған жүйесі осы Қаржы шоттарын клиенттің нөмірі немесе салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі сияқты деректер элементіне сілтеме жасау арқылы байланыстырса және шоттар бойынша қалдықтарды немесе сомаларды біріктіруге мүмкіндік берсе, Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі немесе Байланысты ұйым қызмет көрсететін барлық Қаржы шоттарын назарға алуға міндетті.

3. **Біріктірудің клиенттермен жұмыс істейтін менеджерлерге арналған ерекше қағидасы.** Тұлғаға тиесілі Қаржы шоттары бойынша жалпы қалдықты немесе құнын айқындау мақсаттары үшін Қаржы шоты Ірі сома шоты болып табылатынын не болып табылмайтынын айқындау үшін Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі, сондай-ақ клиенттермен жұмыс істейтін менеджерге олардың тікелей немесе жанама бір тұлғаға тиесілі

екендігі, оларды бір тұлға бақылайтындығы немесе ашкандығы (сенім білдірілген тұлға ретінде емес) малім болған немесе ол солай негізді түрде пайымдаса, кез келген Қаржы шоттары жағдайында осы шоттардың барлығын біріктіруге міндетті.

4. **Сомаларды басқа валютамен қайта есептеу қағидалары.** АҚШ долларынан басқа валютада көрсетілген Қаржы шоттары бойынша активтердің жалпы қалдығын немесе құнын айқындау мақсаттары үшін Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі осы I қосымшада көрсетілген доллардағы шекті мәндерді Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі активтердің қалдығын немесе құнын айқындайтын жылдың алдындағы күнтізбелік жылдың соңғы күніне айқындалған, ресми спот бағамын пайдалана отырып, осы шоттардың валютасымен қайта есептеуге тиіс.

D. **Құжаттамалық растау.** Осы I қосымшаның мақсаттары үшін қолайлы құжаттамалық растау мынадай құжаттардың кез келгенін қамтиды:

1. Төлем алушы резиденттігін мәлімдейтін юрисдикцияның уәкілетті мемлекеттік органы (мысалы, үкімет немесе үкіметтік құрылым немесе муниципалитет) берген резиденттікті растайтын құжат.

2. Жеке тұлғаларға қатысты – әдетте жеке басын анықтау мақсаттары үшін пайдаланылатын, осы жеке тұлғаның атын көрсете отырып, уәкілетті мемлекеттік орган (мысалы, үкімет немесе үкіметтік құрылым немесе муниципалитет) берген кез келген жарамды жеке куәлік.

3. Ұйымға қатысты – осы Ұйым резиденттік туралы мәлімдейтін юрисдикциядағы (немесе АҚШ Аумағындағы) немесе осы Ұйым тіркелген немесе құрылған юрисдикциядағы (немесе АҚШ Аумағындағы) осы Ұйымның атауын және оның бас офисінің мекенжайын көрсете отырып, уәкілетті мемлекеттік орган (мысалы, үкімет немесе үкіметтік құрылым немесе муниципалитет) берген кез келген ресми құжаттар.

4. Білікті делдалдық туралы (АҚШ Қаржы министрлігінің тиісті Қағидаларында көрсетілген) келісімге байланысты ФСБ мақұлдаған, қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстатуға қарсы іс-қимыл қағидалары қабылданған юрисдикцияда қызмет көрсетілетін Қаржы шотына қатысты - осы юрисдикцияның жеке тұлғаларды немесе Ұйымдарды сәйкестендіру үшін білікті делдалдық туралы келісіміне қосымшада көрсетілген W-8 немесе W-9 нысанынан басқа кез келген басқа да құжаттар.

5. Кез келген қаржы есебі, үшінші тараптың кредиттік есебі, банкроттық туралы мәлімдеме немесе АҚШ бағалы қағаздар мен биржалар жөніндегі комиссиясының есебі.

E. **Жеке тұлғаларға - Қолма-қол ақшалай құны бар сақтандыру шарттары бойынша бенефициарларға тиесілі Қаржы шоттары бойынша баламалы рәсімдер.** Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесінде бенефициардың АҚШ-тың Белгілі бір тұлғасы болып табылатыны туралы нақты деректер немесе оны білуге негіздер болған жағдайды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі жеке тұлғаны - сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуына байланысты сақтандыру жәрдемақысын алатын, Қолма-қол ақшалай құны бар сақтандыру шарты бойынша бенефициарды (меншік иесі емес) АҚШ-тың Белгілі бір тұлғасы болып табылмайды деп есептей алады және мұндай Қаржы шотын АҚШ-тың Есеп беретін шотынан басқа шот деп қарай алады. Егер Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі алған және бенефициарға байланысты ақпаратта осы I қосымшаның II бөлімінің (B)(1) тармақшасына сәйкес АҚШ-тық шоттардың белгілері болса, Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесінің Қолма-қол ақшалай құны бар сақтандыру шарты бойынша бенефициардың АҚШ-тың Белгілі бір тұлғасы болып табылатынын білуіне негіз бар. Егер Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесінде бенефициардың АҚШ-тың Белгілі бір тұлғасы болып табылатыны туралы нақты деректер немесе оны білуге негіздер болса, Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы ұйымы осы I қосымшаның II бөлімінің B(3) тармақшасында сипатталған рәсімдерді ұстануға тиіс.

F. **Үшінші тұлғалардан алынған ақпаратқа сенім білдіру.** Осы I қосымшаның I бөлімінің C тармағына сәйкес таңдау жасалғанына не жасалмағанына қарамастан, Қазақстан Республикасы Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемелеріне АҚШ Қаржы министрлігінің тиісті Қағидаларымен айқындалған шекте үшінші *тұлғалар* орындаған кешенді тексеру рәсімдеріне сілтеме жасауға рұқсат береді.

G. **Осы Келісім күшіне енгенге дейін ашылған Жаңа шоттарға арналған Баламалы рәсімдер.**

1. **Қолданылуы.** Егер Қазақстан Республикасы Белгіленген күнгі жағдай бойынша осы Келісім күшіне енгенге дейін Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемелерін не: (i) Жеке тұлғалардың жаңа шоттарының иелерінен осы I қосымшаның III бөлімінде көрсетілген растауды ұсынуларын талап етуге немесе (ii) осы I қосымшаның V бөлімінде көрсетілген Ұйымның жаңа шоттарымен байланысты кешенді тексерудің барлық рәсімдерін орындауға міндеттейтін Қазақстан Республикасының заңдық негізі болмағаны туралы АҚШ-қа жазбаша хабарлама ұсынған болса, онда осы I қосымшаға сәйкес көзделмеген өзге де рәсімдердің орнына Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемелері нақты жағдайға байланысты, осындай Жаңа шоттарға қатысты қолданылатын осы баптың G (2) тармақшасында сипатталған баламалы рәсімдерді қолдана алады. Осы бөлімнің G (2) тармақшасында сипатталған баламалы рәсімдер, нақты жағдайға және қайсысының ертерек болатынына байланысты: (i) Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемелерін осы I қосымшаның III бөлімінде немесе V бөлімінде сипатталған кешенді

тексеру рәсімдерін сақтауға Қазақстан Республикасының міндеттеу мүмкіндігі болған күні; нақты жағдайға байланысты Қазақстан Республикасы сол күн туралы осы Келісім күшіне енген күнге дейін Құрама Штаттарды жазбаша түрде хабардар етеді немесе (ii) осы Келісім күшіне енген күннен бұрын ашылған Жеке тұлғалардың сол жаңа шоттары немесе Ұйымның жаңа шоттары үшін ғана қолданылатын болады. Егер Белгіленген күннен кейін және 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін ашылған, осы бөлімнің Н тармағында сипатталған Ұйымның жаңа шоттарына арналған баламалы рәсімдер Ұйымның барлық жаңа шоттарына немесе осындай шоттардың дәл белгіленген тобына қатысты қолданылса, осы G тармағында сипатталған баламалы рәсімдердің Ұйымның осындай жаңа шоттарына қатысты қолданылуы мүмкін емес. Қалған барлық Жаңа шоттар бойынша Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемелері, нақты жағдайға байланысты, шоттың АҚШ-тың Есеп беретін шоты немесе Қатыспайтын қаржы мекемесінің шоты болып табылатынын не болып табылмайтынын айқындау үшін осы I қосымшаның III бөлімінде немесе V бөлімінде сипатталған кешенді тексеру рәсімдерін қолдануға тиіс.

2. **<u>Баламалы рәсімдер.</u>**

a) Осы Келісім күшіне енген күннен кейін бір жыл ішінде Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемелері: (i) осы бөлімнің G (1) тармақшасына сәйкес Жеке тұлғалардың жаңа шоттары бойынша Шот иесінің осы I қосымшаның III бөлімінде көрсетілген растауын сұратуға және осы I қосымшаның III бөлімінде сипатталған рәсімдерге сәйкес Шот иесінің осындай растауының негізділігін растауға және (ii) осы бөлімнің G (1) тармақшасына сәйкес Ұйымның жаңа шоттары бойынша осы I қосымшаның V бөлімінде көрсетілген кешенді тексеру рәсімдерін орындауға және шотты құжаттау үшін қажетті ақпаратты, оның ішінде осы I қосымшаның V бөліміне сәйкес Шот иесінің кез келген растауын сұратуға тиіс.

b) Қазақстан Республикасы, қайсысының кешірек болатынына байланысты: (i) шот АҚШ-тың Есеп беретін шоты немесе нақты жағдайға байланысты Қатыспайтын қаржы мекемесінің шоты ретінде сәйкестендірілген күннен кейінгі 30 қыркүйекке дейін немесе (ii) нақты жағдайға байланысты, шот АҚШ-тың Есеп беретін шоты немесе Қатыспайтын қаржы мекемесінің шоты ретінде сәйкестендірілгеннен кейін 90 күннен соң, нақты жағдайға байланысты, АҚШ-тың Есеп беретін шоты немесе Қатыспайтын қаржы мекемесінің шоты ретінде осы бөлімнің G (2) (a) тармақшасына сәйкес айқындалатын кез келген Жаңа шоты туралы ақпаратты ұсынуға тиіс. Осындай Жаңа шотқа қатысты ұсынылуға тиіс ақпарат, егер Жаңа шот шотты ашу күнгі жағдай бойынша, нақты жағдайға байланысты, АҚШ-тың Есеп беретін шоты немесе Қатыспайтын қаржы мекемесінің шоты ретінде сәйкестендірілген болса, ол осы Келісімге сәйкес есептік болып табылатын кез келген ақпарат.

c) Осы Келісім күшіне енген күннен кейін бір жыл толған күнге қарай Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемелері Шот иелерінің қажетті растауларын немесе осы бөлімнің G (2) (a) тармағында сипатталған рәсімдерге сәйкес өзге де құжаттаманы жинай алмаған осы бөлімнің G (1) тармақшасында сипатталған кез келген Жаңа шотты жабуға тиіс. Бұдан басқа, осы Келісім күшіне енген күннен кейін бір жыл толған күнге қарай Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемелері: (i) осындай жабылуға дейін Жеке тұлғалардың жаңа шоттары болған (мұндай шоттар Ірі сомадағы шоттар болғанына қарамастан) осындай жабық шоттарға қатысты осы I қосымшаның II бөлімінің D тармағында көрсетілген барлық кешенді тексеру рәсімдерін орындауға немесе (ii) осындай жабылуға дейін Ұйымның жаңа шоттары болған осындай жабық шоттарға қатысты осы I қосымшаның IV бөлімінде көрсетілген барлық кешенді тексеру рәсімдерін орындауға тиіс.

d) Қазақстан Республикасы, қайсысының кешірек болатынына байланысты: (i) шот АҚШ-тың Есеп беретін шоты немесе нақты жағдайға байланысты Қатыспайтын қаржы мекемесінің шоты ретінде сәйкестендірілген күннен кейінгі 30 қыркүйекке дейін немесе (ii) нақты жағдайға байланысты, шот АҚШ-тың Есеп беретін шоты немесе Қатыспайтын қаржы мекемесінің шоты ретінде сәйкестендірілгеннен кейін 90 күннен соң, нақты жағдайға байланысты, АҚШ-тың Есеп беретін шоты немесе Қатыспайтын қаржы мекемесінің шоты ретінде осы бөлімнің G (2) (C) тармақшасына сәйкес айқындалған кез келген жабық шот туралы ақпаратты ұсынуға тиіс. Осындай жабық шотқа қатысты ұсынылуға тиіс ақпарат, егер шот шотты ашу күні жағдай бойынша, нақты жағдайға байланысты, АҚШ-тың Есеп беретін шоты ретінде немесе Қатыспайтын қаржы мекемесінің шоты болып сәйкестендірілген болса, ол осы Келісімге сәйкес есептік болып табылатын кез келген ақпарат.

H. **<u>Белгіленген күннен кейін және 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін ашылған Ұйымдардың жаңа шоттарына арналған баламалы рәсімдер.</u>** Белгіленген күннен кейін және 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін ашылған Ұйымның жаңа шоттары үшін не Ұйымдардың барлық жаңа шоттарына немесе осындай шоттардың қандай да бір нақты тобына қатысты жеке Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемелеріне мұндай шоттарға Ұйымның бұрын ашылған шоттары ретінде қарауға және осы I қосымшаның V бөлімінде көрсетілген кешенді тексеру рәсімдерінің орнына I қосымшаның IV бөлімінде көрсетілген Ұйымдардың бұрын ашылған шоттарына кешенді тексеру рәсімдерін қолдануға Қазақстан Республикасы рұқсат бере алады. Бұл жағдайда осы I қосымшаның IV бөліміндегі кешенді тексеру рәсімдері осы I қосымшаның IV бөлімінің A тармағында көрсетілген шоттағы қалдық немесе қаражат сомасы үшін шекті мәнге қарамастан қолданылуға тиіс.

II ҚОСЫМША

Мына Ұйымдар салықты ұстаудан босатылған бенефициарлы меншік иелері ретінде немесе нақты жағдайға байланысты талаптарды шартты түрде сақтаушы шетелдік қаржы мекемелері ретінде қаралады және мынадай шоттар Қаржы шоттарының анықтамасынан алып тасталады.

Осы II қосымша: (1) оған қосымша Ұйымдар мен АҚШ тұлғаларының АҚШ салықтарын төлеуден жалтару үшін оларды пайдалану тәуекелі болмашы және Келісімге қол қойылған күні осы II қосымшада сипатталған Ұйымдармен және шоттармен бірдей сипаттамалары бар шоттарды қосу; немесе (2) одан Ұйымдар мен АҚШ тұлғаларының АҚШ салықтарын төлеуден жалтару үшін оларды пайдалану тәуекелі, өзгерген мән-жайларға байланысты болмашы болуын тоқтатқан шоттарды алып тастау мақсатында Қазақстан Республикасының және Құрама Штаттардың Құзыретті органдары арасында жасалған өзара жазбаша шешімнің негізінде өзгертілуі мүмкін. Кез келген осындай толықтырулар немесе алып тастаулар, егер көрсетілген құжаттың ережелерінде өзгеше көзделмесе, өзара шешімге қол қойылған күннен бастап күшіне енеді. Осындай өзара шешім жасасу рәсімдері Келісімнің 3-бабының 6-тармағында сипатталғандай, өзара келісімге немесе уағдаластыққа енгізілуі мүмкін.

I. **<u>Қорлар болып табылмайтын, салықты ұстаудан босатылған бенефициарлы меншік иелері.</u>** Төлемдер Белгілі бір сақтандыру компаниясы, Кастодиандық мекеме немесе Депозиттік мекеме айналысатын коммерциялық қаржы қызметімен байланысты міндеттемелерден туындайтын ***жағдайларды қоспағанда***, мынадай Ұйымдар Қазақстан Республикасының Есеп бермейтін қаржы мекемелері және АҚШ Салық кодексінің 1471 және 1472-бөлімдерінің мақсаттары үшін салықты ұстаудан босатылған бенефициарлы меншік иелері ретінде қаралады.

A. **<u>Үкіметтік ұйым.</u>** Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының кез келген әкімшілік-аумақтық бірлігі (екі мағынада түсінулерді болғызбау үшін ол штатты, облысты, округті немесе муниципалитетті қамтиды) немесе Қазақстан Республикасына толығымен тиесілі Қазақстан Республикасының кез келген агенттіктері немесе ведомостволары немесе жоғарыда көрсетілген субъектілердің кез келген біреуі немесе одан көбі (әрқайсысы жеке алғанда «Қазақстан Республикасының үкіметтік ұйымы»). Бұл санатқа Қазақстан Республикасының құрамбөліктері, бақыланатын ұйымдары және әкімшілік-аумақтық бірліктері енгізіледі.

1. Қазақстан Республикасының басқару органдарын білдіретін кез келген тұлға, ұйым, агенттік, бюро, қор, ведомство немесе өзге де органдар, қалай айқындалғанына қарамастан, Қазақстан Республикасының құрамбөліктері деп түсініледі. Басқару органының таза кірісі көрсетілген басқару органының шотына немесе Қазақстан Республикасының басқа да шоттарына аударылуға тиіс, көрсетілген таза кірістің ешбір бөлігі де кез келген жеке адамның пайдасына кіріс болып табылмайды. Құрамбөлік билік жүргізуші, лауазымды тұлға немесе әкімші болып табылатын жеке адам ретінде немесе жеке өздері әрекет ететін кез келген адамды қамтымайды.

2. Қазақстан Республикасынан нысаны бойынша ерекшеленетін немесе мынадай:

a) Ұйым Қазақстан Республикасының бір немесе одан да көп Үкіметтік ұйымының толық меншігінде болатын және олар тікелей немесе бір және одан көп бақыланатын ұйымдар арқылы бақылайтын;

b) Ұйымның таза кірісі оның өз шотына немесе Қазақстан Республикасының бір немесе одан көп Үкіметтік ұйымының шоттарына аударылатын, оның кірісінің ешбір бөлігі де жеке адамның пайдасына кіріс болмайтын; және

c) Ұйым таратылған жағдайда, оның активтері Қазақстан Республикасының бір немесе одан көп Үкіметтік ұйымына берілетін жағдайларда, өзі дербес заңды тұлға болып табылатын Ұйым бақыланатын ұйым деп түсініледі.

3. Егер жеке адамдар мемлекеттік бағдарлама бойынша нысаналы пайда алушылар болып табылса және мұндай бағдарлама бүкіл халықтың жалпы әл-ауқатына қатысты оның пайдасына арналған іс-шараларды немесе нақты мемлекеттік басқару саласына қатысты болса, кіріс осындай тұлғалардың пайдасына кіріс болып табылмайды. Алайда, жоғарыда баяндалғанға қарамастан, егер кіріс жеке тұлғаларға қаржылық қызметтерді ұсыну үшін үкіметтік ұйым арқылы, мысалы, банктік қызмет сияқты коммерциялық қызмет жүргізу есебінен алынса, кіріс жеке тұлғалардың пайдасына кіріс деп есептеледі.

B. **Халықаралық ұйым.** Бұл кез келген халықаралық ұйым немесе толығымен оның меншігіндегі кез келген агенттік немесе ведомство. Бұл санатқа (1) ең бастысы АҚШ Үкіметі емес үкіметтерді қамтитын; (2) штаб-пәтер туралы Қазақстан Республикасымен қолданыстағы келісімі бар; және (3) кірістері жеке тұлғалардың пайдасына арналмаған кез келген үкіметаралық ұйымдар (ұлттық ұйымдардан жоғары тұрған ұйымдарды қоса алғанда) кіреді.

C. **Орталық Банк.** Заң бойынша немесе Үкіметтің рұқсатымен, ақша ретінде жүруге арналған құралдарды шығаруға құқығы бар Қазақстан Республикасы Үкіметінің өзін қоспағанда, басты орган болып табылатын мекемесі. Мұндай мекеме, Қазақстан Республикасының Үкіметінен бөлек, Қазақстан Республикасының толық немесе жартылай меншігіндегі немесе меншігінде емес ведомствоны қамтуы мүмкін.

II. **Салықты ұстаудан босатылған бенефициарлы меншік иелері ретінде сыныпталатын қорлар.** Мынадай Ұйымдар Қазақстан Республикасының Есеп бермейтін қаржы мекемелері және АҚШ Салық кодексінің 1471 және 1472-бөлімдерінің мақсаттары үшін салықты ұстаудан босатылған бенефициарлы меншік иелері ретінде қаралады.

A. **Салық салу туралы келісімге сәйкес жеңілдіктерге не зейнетақы қоры.** Қазақстан Республикасында құрылған қор, егер жеңілдіктерді пайдалануға арналған шектеу жөніндегі кез келген қолданылып жүрген талапқа сәйкес келетін және зейнетақыларды немесе жұмыстан шығу жәрдемақыларын басқару немесе қамтамасыз ету негізгі қызметі болып табылатын Қазақстан Республикасының резиденті ретінде Құрама Штаттар аумағындағы қаржы көздерінен алатын кірісіне (немесе егер көрсетілген жеңілдіктерге құқығы болса, егер осындай кез келген кіріс алса) салық салу бойынша Қазақстан Республикасы мен Құрама Штаттар арасындағы табыс салығы туралы келісімге сәйкес жеңілдіктерге құқығы бар болса, көрсетілген қор.

B. **Ашық түрде қол жеткізілетін зейнетақы қоры.** Жұмыстан шығу жәрдемақыларын, мүгедектігі бойынша жәрдемақыларды немесе қайтыс болуына байланысты

жәрдемақыларды беру мақсатында немесе көрсетілген жәрдемақыларды бір немесе бірнеше жұмыс берушінің қазіргі немесе бұрынғы жұмыскерлері (немесе осындай жұмыскерлер ретінде көрсетілген адамдар) болып табылатын алушыларға:

1. Қордың қор активтерінің бес пайыздан асатын үлесіне құқығы бар ешбір осындай бенефициары болмаған;

2. Қор мемлекеттік реттеу объектісі болып табылатын және Қазақстан Республикасының салық органдарына ақпарат беретін; және

3. Қор, ең болмаса, мынадай:

   a) қор, әдетте, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмыстан шығу немесе зейнеткерлікке шығу жәрдемақыларын беруші ретіндегі мәртебесіне орай Қазақстан Республикасында инвестициялық кіріске салық төлеуден босатылған;

   b) қор жарналарының бүкіл сомасының кемінде 50 пайызы (осы бөлімнің A-D тармақтарында сипатталған басқа да жұмыстан шығу немесе зейнеткерлікке шығу жәрдемақыларынан активтерді немесе осы II қосымшаның V бөлімінің A (1) тармақшасында сипатталған жұмыстан шығу жәрдемақыларына арналған шоттардан және зейнетақы шоттарынан аударуды қоспағанда) демеушілік көрсететін жұмыс берушілерден түскен жарналарына сай келетін;

   c) жұмыстан шығуына, мүгедектігіне немесе қайтыс болуына байланысты көрсетілген жағдайлар басталған кезде ғана төлемақыларға немесе қаражатты қордан шығарып алуға (осы бөлімнің A-D тармақтарында сипатталған басқа да зейнетақы қорларына немесе осы II қосымшаның V бөлімінің A (1) тармақшасында сипатталған жұмыстан шығу және зейнеткерлікке шығу жәрдемақыларына арналған шоттарға қаражат аударуды қоспағанда) рұқсат етілген немесе осындай көрсетілген жағдайлар басталғанға дейінгі төлемдер немесе қаражатты қордан шығарып алу үшін айыппұлдар салынған; немесе

   d) жұмыскерлердің қорға төлейтін жарналарының сомасы (шотты толтыру үшін өзге де рұқсат етілген жарналарды қоспағанда) жұмыскердің тапқан табысының сомасын негізге ала отырып шектелуі мүмкін болатын немесе шоттарды біріктіру және басқа валютадағы соманы қайта есептеу туралы бөлімдегі I қосымшада көрсетілген қағидаларды қолдану кезінде жыл сайын 50,000 АҚШ долларынан асыруға болмайтын талаптардың біріне сәйкес келетін жағдайда, олар ұсынған қызметтер үшін сыйақы есебінен олардың кез келген кешенін ұсыну мақсатында Қазақстан Республикасында құрылған қор.

<u>Қолжетімділігі шектеулі зейнетақы қоры.</u> Бір немесе бірнеше жұмыс берушінің қазіргі немесе бұрынғы жұмыскерлері (немесе осындай жұмыскерлер ретінде көрсеткен адамдар) болып табылатын бенефициарларға жұмыстан шығу жәрдемақыларын, мүгедектігі бойынша жәрдемақыларды немесе қайтыс болуына байланысты жәрдемақыларды:

1. Қорда 50 қатысушыдан аз болған;

2. Қорды Инвестициялық ұйымдар немесе белсенді емес ШҚЕҰ болып табылмайтын бір немесе бірнеше жұмыс беруші қаржыландырған;

3. Жұмыскер мен жұмыс берушінің қорға төлейтін жарналарының сомалары (активтерді осы бөлімнің А тармағында сипатталған салық салу туралы келісімге сәйкес жеңілдіктері бар зейнетақылық қорлардан немесе осы II қосымшаның V бөлімінің А (1) тармақшасында сипатталған жұмыстан шығу жәрдемақыларына арналған шоттардан және зейнетақы шоттарынан аударуды қоспағанда) тиісінше жұмыскердің тапқан табысының және жұмыскер жалақысының сомасын негізге ала отырып шектелетін;

4. Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылмайтын қорға қатысушылардың қор активтерінің 20 пайыздан асатын үлесіне құқығы болмайтын; және

5. Қор мемлекеттік реттеу объектісі болып табылатын және Қазақстан Республикасының салық органдарына есеп беретін жағдайларда, олар ұсынған қызметтер үшін сыйақы есебінен беру мақсатында Қазақстан Республикасында құрылған қор.

D. **Салықты ұстаудан босатылған бенефициарлы меншік иесінің зейнетақы қоры.** Бенефициарларға немесе салықты ұстаудан босатылған бенефициарлы меншік иесінің қазіргі немесе бұрынғы жұмыскерлері (немесе осындай жұмыскерлер ретінде көрсетілген адамдар) болып табылатын қатысушыларға немесе, егер осындай бенефициарларға немесе қатысушыларға жәрдемақы олар салықты ұстаудан босатылған бенефициарға ұсынған қызметтер үшін сыйақы есебінен берілсе, оның қазіргі немесе бұрынғы жұмыскерлері болып табылмайтындарға жұмыстан шығу жәрдемақыларын, мүгедектігі бойынша жәрдемақыларды немесе қайтыс болуына байланысты жәрдемақыларды беру үшін салықты ұстаудан босатылған бенефициарлы меншік иесі Қазақстан Республикасында құрған қор.

E. **Салықты ұстаудан босатылған бенефициарлы меншік иесінің толық меншігіндегі инвестициялық ұйым.** Ұйымдағы Үлестік қатысудың әрбір тікелей иесі - салықты ұстаудан босатылған бенефициарлы меншік иесі және осындай Ұйымдағы борыштық қатысудың әрбір тікелей иесі немесе Депозиттік мекеме (осындай Ұйым ұсынған қарызға қатысты) немесе салықты ұстаудан босатылған бенефициарлы меншік иесі болып табылатын жағдайда, Инвестициялық ұйымы болғаны үшін ғана Қазақстан Республикасының Қаржы мекемесі болып табылатын Ұйым.

III. **Шағын қаржы мекемелері немесе талаптарды шартты түрде сақтаушы деп танылған қызметтер көрсету спектрі шектеулі Қаржы мекемелері.** Мынадай Қаржы мекемелері Қазақстан Республикасының Есеп бермейтін қаржы мекемелері болып табылады, олар АҚШ Салық кодексінің 1471-бөлімінің мақсаттары үшін талаптарды шартты түрде сақтаушы шетелдік қаржы мекемелері ретінде қаралады.

A. **Жергілікті клиенттері бар қаржы мекемесі.** Мынадай талаптарды қанағаттандыратын Қаржы мекемесі:

1. Қаржы мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қаржы мекемесі ретінде лицензиялануға және реттелуге тиіс;

2. Қаржы мекемесінің тұрақты қызмет орны Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тысқары жерде болмауға тиіс. Бұл ретте, жұртшылыққа хабарланбайтын және Қаржы мекемесі әкімшілік қолдау функциясын ғана жүзеге асыратын қызмет орны тұрақты қызмет орны деген ұғымға кірмейді;

3. Қаржы мекемесі Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерлердегі клиенттерді немесе Шот иелерін тартпауға тиіс. Бұл ретте, Қаржы мекемесі: (a) веб-сайты бар, бірақ бұл сайтта Қаржы мекемесі Қаржы шоттарын ашуды немесе бейрезиденттер үшін көрсетілетін қызметтерді ұсынатыны арнайы көрсетілмеген және сайт американдық клиенттерге немесе Шот иелеріне немесе оларды өзгеше тартуға арналмаған жағдайда ғана, немесе (b) ең бастысы Қазақстан Республикасында таратылатын немесе хабар тарататын және мезгіл-мезгіл басқа елдерде де таратылатын немесе хабар ретінде таратылатын бұқаралық ақпарат баспасөз құралдарында немесе радио немесе телеарналарда жарнамалық хабарландыруларды орналастырса, бірақ жарнамалық хабарландыруда Қаржы мекемесі Қаржы шоттарын ашуды немесе бейрезиденттер үшін көрсетілетін қызметтерді ұсынатыны арнайы көрсетілмеген және бұл хабарландыру американдық клиенттерге немесе Шот иелеріне немесе оларды өзгеше тартуға арналмаған жағдайда ғана, Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерлердегі клиенттерді немесе Шот иелерін тартушы мекеме ретінде қаралмайды;

4. Қаржы мекемесі Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Қаржы шоттары бойынша есептілікті жасау немесе резиденттерге тиесілі Қаржы шоттары бойынша салық ұстау үшін немесе Қазақстан Республикасының қылмыстық жолымен алынған ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимыл жөніндегі талаптарына сәйкес кешенді тексеру жөніндегі талаптарды орындау үшін Шоттардың резидент иелерін айқындауға міндетті болуға тиіс;

5. Қаржы мекемесі Қаржы шоттарының кемінде 98 пайызы құндық мәнінде Қазақстан Республикасының резиденттеріне (Ұйымдар болып табылатын резиденттерді қоса алғанда) тиесілі болуға тиіс;

6. Қайсысы кешірек болатынына байланысты, Белгіленген күннен немесе Қаржы мекемесі өзін осы А параграфына сәйкес талаптарды сақтаушы шетелдік қаржы мекемесі ретінде тану туралы өтініш берген күннен кешіктірмей, Қаржы мекемесіне кез келген Қатыспайтын қаржы мекемесі үшін Қаржы шоттарын ашуға мүмкіндік бермейтін және Қаржы мекемесінің Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайтын (Қаржы шоты ашылған кезде Қазақстан Республикасының резиденті болған, бірақ кейіннен Қазақстан Республикасының резиденті болуын тоқтатқан АҚШ-тың адамын қоса алғанда) АҚШ-тың кез келген Белгілі бір тұлғасына Қаржы шотын ашқанын немесе оны жүргізетінін немесе Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылмайтын, АҚШ резиденттері немесе АҚШ азаматтары болып табылатын Бақылаушы тұлғалары бар белсенді емес кез келген ШҚЕҰ-ның Қаржы шотын ашқанын немесе жүргізетінін қадағалап отыруға мүмкіндік беретін 1 қосымшада көрсетілгендерге сәйкес келетін Қаржы мекемесінің қағидалары мен рәсімдері болуға тиіс;

7. Мұндай қағидалар мен рәсімдер, егер Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайтын АҚШ-тың Белгілі бір тұлғасына немесе Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылмайтын, АҚШ резиденттері немесе АҚШ азаматтары болып табылатын Бақылаушы тұлғалары бар белсенді емес ШҚЕҰ-ға тиесілі

Қаржы шоты анықталса, Қаржы мекемесі, егер Қаржы мекемесі Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі (оның ішінде FATCA бойынша ФСБ-ның тіркеу веб-сайтында қолданыстағы тіркеу талаптарын орындай отырып) болып табылған жағдайда талап етілетіндей, осындай Қаржы шоты туралы ақпаратты есепке енгізуге немесе осындай Қаржы шотын жабуға тиіс екенін көздеуге тиіс;

8. Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайтын жеке тұлғаға немесе Ұйымға тиесілі Бұрын ашылған шотқа қатысты Қаржы мекемесі Қатыспайтын қаржы мекемесіне тиесілі АҚШ-тың Есеп беретін шотын немесе Қаржы шотын айқындау үшін Бұрын ашылған шоттарға қолданылатын I қосымшада көрсетілген рәсімдерге сәйкес осы Бұрын ашылған шоттарды тексеруге тиіс және егер Қаржы мекемесі Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі (оның ішінде FATCA бойынша ФСБ-ның тіркеу веб-сайтында қолданыстағы тіркеу талаптарын орындай отырып) болған жағдайда талап етілетіндей, осындай Қаржы шоты туралы ақпаратты есепке енгізуге немесе мұндай Қаржы шотын жабуға тиіс;

9. Қаржы мекемесі болып табылатын Қаржы мекемесінің кез келген Байланысты ұйымы, осы II қосымшаның II бөлімінің A-D тармақтарында көрсетілген зейнетақы қоры болып табылатын кез келген Байланысты ұйымды қоспағанда, Қазақстан Республикасында тіркелуге немесе құрылуға тиіс және А тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келуге тиіс; және

10. АҚШ-тың Белгілі бір тұлғалары және Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын жеке тұлғалар үшін Қаржы шоттарын ашуға немесе жүргізуге қатысты Қаржы мекемесінің кемсітушілік қағидаттары немесе практикасы болмауға тиіс.

B. **Жергілікті банк.** Мынадай талаптарға сәйкес келетін Қаржы мекемесі:

1. Қаржы мекемесі; (a) банк немесе (b) пайдасыз жұмыс істейтін (және лицензиясы бар және Қазақстан Республикасының заңдарымен реттелетін) кредиттік одақ немесе соған ұқсас кооперативтік кредиттік ұйым ретінде ғана өз қызметін жүзеге асырады;

2. Қаржы мекемесінің коммерциялық қызметі, ең бастысы, егер бұл банкке қатысты болса, байланысты емес жекелеген клиенттерден депозиттер алуды және осындайларға қарыздар беруді, егер бұл кредиттік одаққа немесе соған ұқсас кооперативтік кредиттік ұйымға қатысты болса - мүшесінің осындай кредиттік одаққа немесе кооперативтік кредиттік ұйымға қатысу үлесі бес пайыздан аспайтын жағдайда, өз мүшелерінен депозиттер алуды және осындайларға қарыздар беруді білдіреді;

3. Қаржы мекемесі, осы бөлімнің А (3) тармақшасында көрсетілген веб-сайттағы шектеулерге қосымша веб-сайт қаржы шоттарын ашуға мүмкіндік бермеген жағдайда, осы бөлімнің А (2) және А (3) тармақшаларында көрсетілген талаптарға сәйкес келеді;

4. Қаржы мекемесі өз баланстық есебінің активтерінде 175 миллионнан артық АҚШ долларын иелене алмайды, ал Қаржы мекемесі мен кез келген Байланысты ұйымдар өздерінің шоғырландырылған немесе жалпы баланстық есептерінде

активтердің жалпы сомасымен жиынтығында 500 миллионнан артық АҚШ долларын иелене алмайды; және

5. Кез келген Байланысты ұйым Қазақстан Республикасында тіркелуге немесе құрылуға тиіс және осы II қосымшаның II бөлімінің A-D тармақтарында көрсетілген зейнетақы қоры немесе осы бөлімнің C тармағында көрсетілген аз ғана сомаға шоттары бар Қаржы мекемесі болып табылатын кез келген Байланысты ұйымды қоспағанда, Қаржы мекемесі болып табылатын кез келген Байланысты ұйым осы B тармағында көрсетілген талаптарға сай келуге тиіс.

C. **Аз ғана сома шоттары бар қаржы мекемесі.** Мынадай талаптарға сәйкес келетін Қазақстан Республикасының Қаржы мекемесі:

1. Қаржы мекемесі Инвестициялық ұйым болып табылмайды;

2. Қаржы мекемесіндегі немесе кез келген Байланысты ұйымдағы қаржы шоттарын шоттарды біріктіруге және сомаларды басқа валютамен қайта есептеуге қатысты I қосымшада көрсетілген қағидаларды қолдану кезінде қалдығы немесе сомасы 50,000 АҚШ долларынан асатын бірде-бір Қаржы шоты болмауға тиіс; және

3. Қаржы мекемесі өз баланстық есебінің активтерінде 50 миллионнан артық АҚШ долларын иелене алмайды және Қаржы мекемесі мен кез келген Байланысты ұйымдар өздерінің шоғырландырылған немесе жалпы баланстық есептерінде активтердің жалпы сомасымен жиынтығында 50 миллионнан артық АҚШ долларын иелене алмайды.

D. **Кредиттік карталардың сыныпталған эмитенті.** Мынадай талаптарға сәйкес келетін Қазақстан Республикасының Қаржы мекемесі:

1. Қаржы мекемесі, клиент карта бойынша берешектің сомасынан асатын төлемді жүргізген және артық төлем сомасы клиентке дереу қайтарылмайтын жағдайда ғана депозиттер қабылдайтын кредиттік карталардың эмитенті болуы себебінен ғана Қаржы мекемесі болып табылады; және

2. Қайсысы кешірек болатынына байланысты, Белгіленген күннен немесе Қаржы мекемесі өзін осы D параграфына сәйкес талаптарды шартты түрде сақтаушы шетелдік қаржы мекемесі ретінде тану туралы өтініш берген күннен кешіктірмей, Қаржы мекемесі шоттарды біріктіруге және сомаларды басқа валютамен қайта есептеуге қатысты I қосымшада көрсетілген қағидалар орындалатын әрбір жағдайда, клиент депозитінің 50,000 АҚШ долларынан асатын сомада болуына жол бермеуге не сомасы 50,000 АҚШ долларынан асатын депозитті кез келген клиентке 60 күннің ішінде қайтаруды қамтамасыз етуге бағытталған қағидалар мен рәсімдерді енгізеді. Бұл ретте, клиенттің депозиті дау тудыратын есепке жатқызу мөлшеріндегі кредиттік балансқа жатпайды, бірақ тауарды қайтару салдарынан туындаған кредиттік балансты қамтиды.

IV. **Талаптарды сақтаушы шетелдік қаржы мекемелері ретінде сыныпталатын инвестициялық ұйымдар және өзге де арнайы қағидалар.** Осы бөлімнің A-E тармақтарында көрсетілген Қаржы мекемелері Қазақстан Республикасының Есеп бермейтін қаржы мекемелері болып табылады, олар АҚШ Салық кодексінің 1471-бөлімінің мақсаттары үшін талаптарды шартты түрде сақтаушы шетелдік қаржы мекемелері ретінде қаралады.

Бұдан басқа, осы бөлімнің F тармағы Инвестициялық ұйымға қолданылатын арнайы қағидаларды көздейді.

A. **Сенімгерлік басқарушыға ресімделген траст.** Трастың сенімгерлік басқарушысы АҚШ-тың Есеп беретін қаржы мекемесі, I-модель бойынша Есеп беретін шетелдік қаржы мекемесі немесе Қатысушы шетелдік қаржы мекемесі болып табылатын және, егер Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі (оның ішінде FATCA бойынша ФСБ-ның тіркеу веб-сайтында қолданыстағы тіркеу талаптарын орындай отырып) болған жағдайда талап етілетіндей, сенімгерлік басқарушы Келісімге сәйкес талап етілетін барлық ақпаратты есепке енгізген жағдайларда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған Траст.

B. **Демеушілік көрсетілетін инвестициялық ұйым және Бақыланатын шетелдік корпорация.** Осы бөлімнің B(1) немесе B(2) тармақшаларында көрсетілген, осы бөлімнің B(3) тармақшасының талаптарына сәйкес келетін демеушілік көрсететін ұйымы бар Қаржы мекемесі.

1. Қаржы мекемесі, егер: (a) бұл Қазақстан Республикасында құрылған, АҚШ Қаржы министрлігінің тиісті Қағидаларына сәйкес білікті делдал, салық ұстайтын шетелдік әріптестік немесе салық ұстайтын шетелдік траст болып табылмайтын Инвестициялық ұйым болса; және (b) Ұйым Қаржы мекемесімен осы Қаржы мекемесіне демеушілік көрсететін ұйым ретінде әрекет етуге уағдаласса, демеушілік көрсетілетін инвестициялық ұйым болып табылады.

2. Қаржы мекемесі, егер: (a) Қаржы мекемесі – бұл Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған, АҚШ Қаржы министрлігінің тиісті Қағидаларына сәйкес білікті делдал, салық ұстайтын шетелдік әріптестік немесе салық ұстайтын шетелдік траст болып табылмайтын бақыланатын шетелдік корпорация[1] болса; (b) Қаржы мекемесіне демеушілік көрсететін ұйым ретінде әрекет етуге келіскен немесе Қаржы мекемесінің филиалынан осыны талап ететін АҚШ-тың Есеп беретін қаржы мекемесі Қаржы мекемесін толықтай, тікелей немесе жанама түрде иеленсе; және (c) Қаржы мекемесінің демеушілік көрсететін ұйымға Қаржы мекемесінің барлық Шот иелерін және төлемдерді алушыларын айқындауға және өзгелердің арасында клиенттің сәйкестендіру ақпаратын, клиент жөніндегі құжаттаманы, шоттағы қалдықты және Шот иесі немесе төлемдерді алушы жүргізген барлық төлемдерді қоса алғанда, Қаржы мекемесінде сақталатын, шоттар мен клиенттерге қатысты барлық ақпаратқа қол жеткізуге мүмкіндік беретін демеушілік көрсететін ұйыммен ортақ электрондық шоттар жүйесі болса, демеушілік көрсетілетін бақыланатын шетелдік корпорация болып табылады.

---

[1] «Бақыланатын шетелдік корпорация» егер осындай корпорацияның барлық санаттағы акцияларының жиынтық дауыс санының 50 пайызынан астамының дауыс беру құқықтары болса немесе осындай корпорация акцияларының жалпы құны салықтық жылдың ішінде кез келген күні осындай шетелдік корпорацияның «Құрама Штаттар акционерлеріне» тиесілі немесе олардың меншігі болып есептелетін болса, кез келген шетелдік корпорацияны білдіреді. «Құрама Штаттар акционерлері» деген термин кез келген шетелдік корпорацияға қатысты осындай шетелдік корпорацияның барлық санаттағы дауыс беру құқықтары бар жалпы акцияларының жиынтық дауыс санының 10 пайызын немесе одан көп пайызын иеленсе немесе соның иелері болып есептелсе, Құрама Штаттардың тұлғасын білдіреді.

3. Демеушілік көрсететін ұйым мынадай талаптарға сай келеді:

a) демеушілік көрсететін ұйым FATCA бойынша ФСБ-ның тіркеу веб-сайтындағы қолданыстағы тіркеу талаптарын орындау үшін Қаржы мекемесі атынан (қорды басқарушы, сенімгерлік басқарушы, корпоративтік директор немесе басқарушы әріптес ретінде) әрекет етуге уәкілетті;

b) демеушілік көрсететін ұйым FATCA бойынша ФСБ-ның тіркеу веб-сайтында ФСБ-дағы демеушілік көрсететін ұйым ретінде тіркелген;

c) егер демеушілік көрсететін ұйым Қаржы мекемесіне қатысты АҚШ-тың кез келген Есеп беретін шотын айқындаса, демеушілік көрсететін ұйым қайсысы кешірек болатынына байланысты, 2016 жылғы 31 желтоқсанда және одан бұрын АҚШ-тың осы Есеп беретін шоты алғаш анықталғаннан кейін 90 күннен соң, FATCA бойынша ФСБ-ның тіркеу веб-сайтында қолданыстағы тіркеу талаптарына сәйкес Қаржы мекемесін тіркейді;

d) демеушілік көрсететін ұйым Қаржы мекемесінің атынан кешенді тексеру, салықты ұстау, есептілік бойынша барлық талаптарды, сондай-ақ Қаржы мекемесі, егер Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі болса, орындауға тиіс басқа да талаптарды орындауды өз міндетіне алады;

e) демеушілік көрсететін ұйым Қаржы мекемесін және Қаржы мекемесінің (FATCA бойынша ФСБ тіркеу веб-сайтындағы қолданыстағы тіркеу талаптарын орындағаннан кейін алынған) сәйкестендіру нөмірін Қаржы мекемесінің атынан жасалған барлық есептілікте көрсетеді; және

f) демеушілік көрсететін ұйым өзінің демеуші мәртебесінен айырылып қалмаған.

C. **<u>Демеушілік көрсетілетін жабық инвестициялық құрылым.</u>** Мынадай талаптарға сәйкес келетін Қазақстан Республикасының Қаржы мекемесі:

1. Қаржы мекемесі Инвестициялық ұйым болып табылатыны және АҚШ Қаржы министрлігінің тиісті Қағидаларына сәйкес білікті делдал, салық ұстайтын шетелдік әріптестік немесе салық ұстайтын шетелдік траст болып табылмауы себебінен ғана Қаржы мекемесі болып табылады;

2. Демеушілік көрсететін ұйым АҚШ-тың Есеп беретін қаржы мекемесі, 1-модель бойынша Есеп беретін шетелдік қаржы мекемесі немесе Қатысушы шетелдік қаржы мекемесі болып табылады, ол Қаржы мекемесінің атынан (кәсіби менеджер, сенімгерлік басқарушы немесе басқарушы әріптес ретінде) әрекет етуге уәкілетті және Қаржы мекемесінің атынан кешенді тексеру, салықты ұстау, есептілік бойынша барлық талаптарды, сондай-ақ Қаржы мекемесі, егер ол Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі болса, орындауға тиіс басқа да талаптарды орындауға келіседі;

3. Қаржы мекемесі байланысты емес тараптарға қатысты инвестициялық құрылым ретінде әрекет етпейді;

4. Қаржы мекемесіне бүкіл борыштық қатысу мен үлестік қатысудың меншік иелері (меншік иелері қатысушы шетелдік қаржы мекемелері мен талаптарды шартты түрде сақтаушы шетелдік қаржы мекемелері болып табылатын борыштық қатысу үлестерін және егер осы Ұйымға Қаржы мекемесіндегі үлестік қатысудың 100 пайызы тиесілі және ол өзі осы С тармағында көрсетілген, демеушілік көрсетілетін Қаржы мекемесі болып табылатын болса, осы Ұйым меншік иесінің үлестік қатысуын есепке алмағанда) жиырма немесе одан аз жеке тұлға болып табылады; және

5. Демеушілік көрсететін ұйым мынадай талаптарға сәйкес келеді:

a) демеушілік көрсететін ұйым FATCA бойынша ФСБ тіркеу веб-сайтында ФСБ-да демеушілік көрсететін ұйым ретінде тіркелген;

b) демеушілік көрсететін ұйым Қаржы мекемесінің атынан кешені тексеру, салық ұстау, есептілік бойынша барлық талаптарды, сондай-ақ Қаржы мекемесі, егер ол Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі болса, орындауға тиіс басқа да талаптарды орындауға келіседі және Қаржы мекемесіне қатысты жинақталған құжаттаманы алты жыл бойы сақтайды;

c) демеушілік көрсететін ұйым Қаржы мекемесін оның атынан жасалған барлық есептілікте көрсетеді; және

d) демеушілік көрсететін ұйым өзінің демеуші мәртебесінен айырылып қалмаған.

<u>Инвестициялық консультанттар және инвестициялық менеджерлер.</u> Қазақстан Республикасында құрылған, Қатыспайтын қаржы мекемесінен басқа, Қаржы мекемесіндегі клиенттің атынан орналастырылған қаражатты инвестициялау, басқару немесе билік ету мақсатында (1) клиент үшін және оның атынан инвестициялық консультация беру қызметтерін көрсетуі немесе (2) клиент үшін және оның атынан портфельді басқару бойынша қызметтерді көрсетуі себебінен ғана Қаржы мекемесі болып табылатын Инвестициялық ұйым.

<u>Ұжымдық инвестициялар құрылымы.</u> Қазақстан Республикасында құрылған, (50,000 АҚШ долларынан асатын борыштық қатысуды қоса алғанда) салықты ұстаудан босатылған бенефициарлы меншік иелерінің, осы 1 қосымшаның VI бөлімінің В(4) тармақшасында сипатталған белсенді ШҚЕҰ-ның, АҚШ-тың Белгілі бір тұлғалары болып табылмайтын АҚШ тұлғаларының немесе Қатыспайтын қаржы мекемелері болып табылмайтын Қаржы мекемелерінің біреуі немесе одан көп ұжымдық инвестициялар құрылымына қатысудың барлық үлестерінің меншік иелері немесе иеленушілері болып табылатын жағдайда, ұжымдық инвестициялар құрылымы ретінде реттелетін инвестициялық ұйым.

<u>Инвестициялық ұйымға қатысты арнайы қағидалар.</u> Мынадай қағидалар Инвестициялық ұйымға қатысты қолданылады:

1. Осы бөлімнің Е тармағында сипатталған ұжымдық инвестициялар құрылымы болып табылатын Инвестициялық ұйымға үлестік қатысуға қатысты кез келген Инвестициялық ұйымның (ұжымдық инвестициялар құрылымында қатысу үлестеріне ие болу жүзеге асырылатын Қаржы мекемесінен басқа) есептілігі бойынша міндеттемелер орындалған болып есептеледі.

2. Мыналарға:

a) Салықты ұстаудан босатылған бенефициарлы меншік иелерінің, осы I қосымшаның VI бөлімінің B(4) тармақшасында сипатталған белсенді ШҚЕҰ-ның, АҚШ-тың Белгілі бір тұлғалары болып табылмайтын АҚШ тұлғаларының немесе Қатыспайтын қаржы мекемелері болып табылмайтын Қаржы мекемелерінің біреуі немесе одан көп меншік иесі барлық қатысу үлестерінің меншік иелері немесе иелері (50,000 АҚШ долларынан асатын борыштық қатысуды қоса алғанда) арқылы болып табылатын, ұжымдық инвестициялар құрылымы ретінде реттелетін Әріптестік юрисдикцияда құрылған Инвестициялық ұйымға; немесе

b) АҚШ Қаржы министрлігінің тиісті қағидаларына сәйкес білікті ұжымдық инвестициялар құрылымы болып табылатын Инвестициялық ұйымға қатысу үлестеріне қатысты;

Қазақстан Республикасының Қаржы мекемесі болып табылатын (ұжымдық инвестициялар құрылымындағы қатысу үлестерін иелену жүзеге асырылатын Қаржы мекемесінен басқа) кез келген Инвестициялық ұйымның есептілікті ұсыну бойынша міндеттемелері орындалған болып есептеледі.

3. Осы бөлімнің E тармағында немесе F (2) тармақшасында сипатталмаған, Қазақстан Республикасында құрылған Инвестициялық ұйымға қатысу үлестеріне қатысты Келісімнің 5-бабының 3-тармағына сәйкес барлық басқа Инвестициялық ұйымдардың есептілігі бойынша міндеттемелер, егер бірінші атап көрсетілген Инвестициялық ұйым ұсынуға тиіс ақпаратты Келісім бойынша көрсетілген қатысу үлестеріне қатысты осы Инвестициялық ұйым немесе басқа тұлға ұсынған болса, орындалған болып есептеледі.

4. Қазақстан Республикасында құрылған, ұжымдық инвестициялар құрылымы ретінде реттелетін Инвестициялық ұйым осы бөлімнің E тармағына немесе F (2) тармақшасына сәйкес немесе өзге де негіздер бойынша, ұжымдық инвестициялар құрылымының ұсынушыға арналған акцияларды құжат түрінде шығаруына байланысты ғана мынадай:

a) ұжымдық инвестициялар құрылымы 2012 жылғы 31 желтоқсаннан кейін ұсынушыға арналған кандай да бір акцияларды шығармаған және шығармайтын;

b) ұжымдық инвестициялар құрылымы сатып алған кездерінде барлық сондай акциялардың күшін жояды;

c) ұжымдық инвестициялар құрылымы (немесе Қазақстан Республикасының Есеп беретін қаржы мекемесі) 1 қосымшада көрсетілген кешені тексеру рәсімдерін орындайтын және есептілікке мұндай акциялар өтеу үшін немесе өзге де төлемдер үшін ұсынылған кезде осындай кез келген акцияларға қатысты кез келген ақпаратты енгізетін және

d) ұжымдық инвестициялар құрылымының акциялардың тез өтелуін немесе оларды алуды; кез келген жағдайда - 2017 жылғы 1 қаңтарға дейін қамтамасыз

ететін қолданыстағы қағидалары мен рәсімдері болатын жағдайларда, талаптарды сақтаушы шетелдік қаржы мекемесі ретінде қарала береді.

Қаржы шоттарына жатпайтын шоттар. Мұндай шоттар Қаржы шоттары анықтамасынан алып тасталған және тиісінше АҚШ-тың Есеп беретін шоттары ретінде қарастырылмайды.

А. **Белгілі бір жинақ шоттары.**

1. Жұмыстан шығу жәрдемақысына арналған шот және зейнетақы шоты. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мынадай талаптарға сәйкес келетін, Қазақстан Республикасында қызмет көрсетілетін жұмыстан шығу жәрдемақысына арналған шот немесе зейнетақы шоты:

   a) шот жұмыстан шығу жәрдемақысына арналған жеке шот ретінде немесе жұмыстан шығу немесе зейнетақы жәрдемақыларын (мүгедектігі бойынша жәрдемақыны немесе қайтыс болуға байланысты жәрдемақыны қоса алғанда) төлеу үшін тіркелген немесе реттелетін зейнетақы жоспарындағы шот ретінде қағидалардың қолданысына жатады;

   b) шотқа салық салудың жеңілдікті режимі қолданылады (яғни, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа жағдайда салық салынуы мүмкін шотқа салынатын жарналардың сомасы шегеріледі немесе шот иесінің жалпы кірісінен алып тасталады немесе төмендетілген мөлшерлемемен салық салынады немесе шот бойынша инвестициялық кіріске салық салу кейінге қалдырылады не көрсетілген шоттың сомасына төмендетілген мөлшерлемемен салық салынады);

   c) осы шот бойынша Қазақстан Республикасындағы салық органдары үшін жылдық ақпараттық есептілік талап етіледі;

   d) белгілі бір зейнетақы жасына жеткен жағдайда, мүгедектігі кезінде және қайтыс болған жағдайда, шоттан қаражат алынуы мүмкін немесе осындай оқиғалар басталғанға дейін шоттан қаражатты алғаны үшін айыппұл салынады, және

   e) не (i) жылдық жарналар 50,000 АҚШ долларымен немесе одан аз сомамен шектеледі не (ii) I қосымшада көрсетілген, шоттарды біріктіру және басқа валютадағы шоттардың сомаларын қайта есептеу жөніндегі қағидаларды қолдану кезіндегі әрбір жағдайда өмір сүру мерзімі ішінде 1 000,000 АҚШ доллары мөлшерінде немесе одан аз аударымдар бойынша ең көп лимит бар.

2. Зейнетақылық емес жинақ шоттары. Қазақстан Республикасында қызмет көрсетілетін (Сақтандыру шартынан немесе Аннуитет шартынан басқа) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мынадай талаптарға сәйкес келетін шот.

   a) шотқа жұмыстан шығу мақсатынан басқа мақсаттарда жинақ құрылымдары жөніндегі қағидалар қолданылады;

   b) шотқа салық салудың жеңілдікті режимі қолданылады (яғни, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа жағдайда салық салынуы мүмкін

шотқа салынатын жарналардың сомасы шегеріледі немесе иесінің жалпы кірісінен алып тасталады немесе төмендетілген мөлшерлемемен салық салынады немесе шот бойынша инвестициялық кіріске салық салу кейінге қалдырылады не көрсетілген шоттың сомасына төмендетілген мөлшерлемемен салық салынады);

c) шоттан қаражат алу жинақ шотының мақсатына жататын белгілі бір өлшемшарттарды (мысалы, білім алуға немесе медициналық қызмет көрсетуге жәрдемақылар беру) сақтауға негізделген немесе егер шоттан көрсетілген өлшемшарттарды сақтамай қаражат алса, оны алғаны үшін айыппұлдар қолданылады; және

d) жылдық жарналар I қосымшада көрсетілген шоттарды біріктіру және басқа валютадағы шоттардың сомаларын қайта есептеу жөніндегі қағидаларды қолдана отырып 50,000 АҚШ долларымен немесе одан аз сомамен шектеледі.

B. **Мерзімге өмірді сақтандырудың кейбір шарттары.** Шарт мынадай:

1. Уақыт өткен сайын азаймайтын кезеңдік сыйлықақылар, шарттың қолданылу кезеңі ішінде немесе сақтандырылған адам 90 жасқа толғанға дейін, қай кезеңнің қысқа болуына байланысты, ең аз дегенде жылына бір рет төленетін;

2. Шарттың шартты бұзбай кез келген адам алуы мүмкін (қаражатты алып қою, қарыз алу немесе өзге тәсіл арқылы) қолма-қол ақшалай құны болмайтын;

3. Шарт жойылған немесе бұзылған кезде төленетін сома (қайтыс болуына байланысты жәрдемақыдан басқа) қайтыс болуына, сырқаттануына байланысты төленетін соманы және шарттың қолданылу кезеңіндегі немесе кезеңдеріндегі шығыстар сомаларын (нақты алынатын немесе алынбаған), сондай-ақ шартты бұзғанға немесе жойғанға дейін төленген сомаларды шегергенде, шарт бойынша төленген сыйлықақылардың жалпы сомасынан аспайтын; және

4. Құқықтық мираскор келісімшарттың құнына емес оны иеленетін талаптарға сай келген жағдайда, сақтандырылған адам 90 жасқа толғанға дейін аяқталатын сақтандыру мерзімі бар, Қазақстан Республикасында қызмет көрсетілетін өмірді сақтандыру шарттары.

C. **Мұраға қалдырылған мүлікке арналған шот.** Қазақстан Республикасында қызмет көрсетілетін, егер осы шот бойынша құжаттамада қайтыс болған адамның өсиетінің көшірмесі немесе қайтыс болу туралы куәлік қамтылса, тек мұраға қалдыру бойынша ғана тиесілі шот.

D. **Эскроу - шоттар.** Төменде жазылғандардың біреуіне байланысты ашылған Қазақстан Республикасында қызмет көрсетілетін шот:

1. Сот өкімі немесе шешімі.

2. Шот мынадай:

a) шот алдын ала төлеу, ақшалай кепілақы, мәмілеге тікелей байланысты міндеттемелерді қамтамасыз ету үшін жеткілікті сомадағы депозит сомаларынан ғана немесе осыған ұқсас төлем сомаларынан ғана

қаржыландырылады немесе меншікті сатуға, айырбастауға немесе жалға беруге байланысты шотқа енгізілген қаржылық активтің көмегімен қаржыландырылады;

b) шот сатып алушының мүлікті сатып алу құнын төлеу бойынша, сатушының шартты міндеттемелеріне ақы төлеу бойынша, жалға алушының немесе жалға берушінің жалға беру шартына сәйкес жалға берілген мүлікке байланысты залалға ақы төлеу бойынша міндеттемелерін қамтамасыз ету мақсатында ғана ашылған және пайдаланылады;

c) ол бойынша тапқан кірісті қоса алғанда, шот бойынша активтер мүлікті өткізген, айырбастаған немесе неліктен шығарған жағдайда немесе жалға беру шарты бұзылған кезде сатып алушының, сатушының, жалға алушының немесе жалға берушінің (осындай түлға міндеттемелерінің төлемақысын қоса алғанда) мүдделеріне орай төленетін болады немесе өзге де жолмен бөлінеді;

d) шот маржиналды немесе Қаржы активін сатуға немесе айырбастауға байланысты ашылған ұқсас шот болып табылмайды; және

e) шот кредиттік карта шотымен байланысты емес деген талаптарға сәйкес келген жағдайда, жылжымайтын немесе жеке мүлікті сату, айырбастау немесе жалға беру.

3. Жылжымайтын мүлікпен қамтамасыз етілген қарызға қызмет көрсететін Қаржы мекемесінің кейінгі кезеңдерде жылжымайтын мүлікке қатысты салықтар төлеуді қамтамасыз ету немесе сақтандыру үшін ғана арналған төлемнің бір бөлігін кейінге қалдыру бойынша міндеттемесі.

4. Қаржы мекемесінің салықтар төлеуді кейінгі кезеңдерде қамтамасыз ету үшін ғана пайдалану міндеттемесі.

E. **<u>Әріптестік юрисдикция шоттары.</u>** Қазақстан Республикасында ашылған және осындай шотқа қатысты, егер осы шот осы Әріптестік юрисдикцияда ашылып, осы әріптестік юрисдикциясындағы Әріптестік юрисдикцияның Қаржы мекемесінде қызмет көрсетілген болса, Әріптестік юрисдикция заңнамасына сәйкес сондай талаптар мен бақылау белгіленген жағдайда, FATCA-ны іске асыруды қамтамасыз ету бойынша Құрама Штаттар мен басқа да Әріптестік юрисдикция арасындағы келісім бойынша Қаржы шотының анықтамасынан алып тасталған шот.

VI. **<u>Анықтамалар.</u>** Мынадай қосымша анықтамалар жоғарыда көрсетілгендерді сипаттау үшін қолданылады:

A. **<u>1-модель бойынша Есеп беретін шетелдік қаржы мекемесі.</u>** 1-модель бойынша Есеп беретін шетелдік қаржы мекемесі термині оған қатысты шетелдік (АҚШ үкіметінен басқа) үкімет немесе оның агенттігі Үкіметаралық келісімнің 1-моделіне сәйкес Қатыспайтын қаржы мекемесі деп есептелетін Қаржы мекемесінен басқа, Үкіметаралық келісімнің 1-моделіне сәйкес ақпарат алуға немесе ақпарат алмасуға келіскен Қаржы мекемесін білдіреді. Осы анықтаманың мақсатында «1-модель жөніндегі Үкіметаралық келісім» термині Қаржы мекемесінің осындай шетелдік үкіметке (АҚШ үкіметінен басқа) немесе оның агенттігіне есептілік түрінде берілген есептілікті кейіннен ФСБ-мен осы ақпарат арқылы автоматты түрде алмаса отырып, FATCA-ны іске асыру бойынша

Құрама Штаттар немесе Қаржы министрлігі және шетелдік үкімет (АҚШ үкіметінен басқа) немесе оның бір немесе бірнеше агенттіктері арасындағы уағдаластықты білдіреді.

B. **<u>Қатысушы шетелдік қаржы мекемесі.</u>** «Қатысушы шетелдік қаржы мекемесі» термині Шетелдік қаржы мекемесімен келісімнің талаптарын орындауға келіскен, Үкіметаралық келісімнің 2-моделінде сипатталған Қаржы мекемесін қоса алғанда, Шетелдік қаржы мекемесімен келісімнің талаптарын орындауға келіскен Қаржы мекемесін білдіреді. «Қатысушы шетелдік қаржы мекемесі» термині, егер осы филиал 1-модельдің Есеп беретін шетелдік қаржы мекемесі болып табылмаса, АҚШ-тың Есеп беретін қаржы мекемесінің білікті делдалы болып табылатын филиалын да қамтиды. Осы анықтаманың мақсаттары үшін «Шетелдік қаржы мекемесімен келісім» термині Қаржы мекемесін АҚШ Салық кодексінің 1471 (b) бөлімінің талаптарына сәйкес келеді деп тану үшін оған арналған талаптарды белгілейтін келісімді білдіреді. Осы анықтаманың мақсаттары үшін қосымша «Үкіметаралық келісімнің 2-моделі» термині Қаржы мекемесінің Шетелдік қаржы мекемесімен келісімнің талаптарына сәйкес тікелей ФСБ-ға осындай шетелдік үкіметтің (АҚШ үкіметінен басқа) немесе оның агенттігінің және ФСБ-ның арасында ақпарат алмасумен толықтырылған есептілікті ұсыну арқылы FATCA-ны іске асыру бойынша Құрама Штаттар немесе Қаржы министрлігі және шетелдік үкімет немесе оның бір немесе бірнеше агенттіктері арасындағы уағдаластықты білдіреді.

Соглашение между Правительством Соединенных Штатов Америки и Правительством Республики Казахстан о совершенствовании международной налоговой дисциплины

Принимая во внимание, что Правительство Соединенных Штатов Америки и Правительство Республики Казахстан (далее именуемые по отдельности «Сторона», а совместно - «Стороны») выражают желание заключить соглашение о совершенствовании международной налоговой дисциплины посредством оказания взаимного содействия в вопросах налогообложения с использованием эффективной инфраструктуры для автоматического обмена информацией;

Принимая во внимание, что статья 26 Конвенции между Правительством Соединенных Штатов Америки и Правительством Республики Казахстан об избежании двойного налогообложения и предотвращении уклонения от налогообложения в отношении налогов на доходы и капитал, с Протоколом, совершенные в Алматы 24 октября 1993 года («Конвенция») предусматривает обмен информацией для целей налогообложения, включая обмен на автоматической основе;

Принимая во внимание, что Соединенные Штаты Америки ввели в действие положения, известные как Закон о налоговом контроле счетов в иностранных финансовых учреждениях («FATCA»), которые предусматривают режим предоставления отчетности финансовыми учреждениями в отношении определенных счетов;

Принимая во внимание, что Правительство Республики Казахстан поддерживает основную политическую цель FATCA по совершенствованию налогового контроля;

Принимая во внимание, что FATCA повлек ряд вопросов, включая то, что финансовые учреждения Республики Казахстан могут не иметь возможности соблюдать определенные аспекты FATCA вследствие местных юридических препятствий;

Принимая во внимание, что Правительство Соединенных Штатов Америки осуществляет сбор информации в отношении определенных счетов, обслуживающихся в финансовых учреждениях США и принадлежащих резидентам Республики Казахстан, и выступает за обмен такой информацией с Правительством Республики Казахстан, а также добивается равноценных степеней обмена, при условии принятия соответствующих мер безопасности и обеспечения инфраструктуры для эффективных отношений обмена;

Принимая во внимание, что межгосударственный подход к реализации FATCA должен решить вопрос о юридических препятствиях и снизить бремя для финансовых учреждений Республики Казахстан;

Принимая во внимание, что Стороны желают заключить соглашение о совершенствовании международной налоговой дисциплины и обеспечении реализации FATCA на основе местной отчетности и взаимного автоматического обмена в соответствии с Конвенцией с

соблюдением конфиденциальности и прочих средств защиты, предусмотренных в ней, включая положения, ограничивающие использование информации, обмен которой осуществляется в соответствии с Конвенцией;

С учетом вышеизложенного, Стороны согласились о нижеследующем:

Статья 1
Определения

1. Для целей настоящего соглашения и любых приложений к нему («Соглашение») следующие термины имеют указанные далее значения:

a) Термин **«Соединенные Штаты»** означает Соединенные Штаты Америки, включает его Штаты, но не включает Территории США. Любая ссылка на «Штат» Соединенных Штатов включает Округ Колумбия.

b) Термин **«Территория США»** означает Американское Самоа, Содружество Северных Марианских островов, Гуам, Содружество Пуэрто-Рико или Виргинские острова США.

c) Термин **«ФНУ»** означает Федеральное Налоговое Управление США.

d) Термин **«Республика Казахстан»** означает Республику Казахстан.

e) Термин **«Партнерская юрисдикция»** означает юрисдикцию, которая имеет действующее соглашение с Соединенными Штатами о содействии в реализации FATCA. ФНУ публикует список всех Партнерских юрисдикций.

f) Термин **«Компетентный орган»** означает:

(1) в случае Соединенных Штатов - Министра финансов или его представителя; и
(2) в случае Республики Казахстан Министра финансов или его представителя.

g) Термин **«Финансовое учреждение»** означает Кастодиальное учреждение, Депозитное учреждение, Инвестиционную организацию или Определенную страховую компанию.

h) Термин **«Кастодиальное учреждение»** означает любую организацию, которая в качестве значительной части своего бизнеса осуществляет владение финансовыми активами в пользу других лиц. Организация осуществляет владение финансовыми активами в пользу других лиц в качестве существенной части своего бизнеса, если общий доход организации, относящийся к владению финансовыми активами и

связанным финансовым услугам, равен или превышает 20 процентов от общего дохода организации в течение меньшего из следующих периодов: (i) трехлетнего периода, заканчивающегося 31 декабря (или в последний день отчетного периода, не совпадающего с календарным годом), до наступления года, в котором осуществляется расчет; или (ii) периода существования организации.

i) Термин **«Депозитное учреждение»** означает любую организацию, которая принимает депозиты в ходе обычного ведения банковского или аналогичного бизнеса.

j) Термин **«Инвестиционная организация»** означает любую организацию, которая в качестве своего бизнеса осуществляет (или находится под управлением организации, которая в качестве своего бизнеса осуществляет) один или более из следующих видов деятельности или операций в пользу или от имени клиента:

(1) торговлю инструментами денежного рынка (чеками, векселями, депозитными свидетельствами, производными финансовыми инструментами, и т.д.), иностранной валютой, валютными, процентными и индексируемыми инструментами, обращающимися ценными бумагами, или биржевую торговлю по срочным сделкам;

(2) индивидуальное и коллективное управление портфелем; или

(3) иное инвестирование, администрирование или управление фондами или денежными средствами от имени других лиц.

Данный подпункт 1(j) интерпретируется в порядке, соответствующем аналогичной формулировке, представленной в определении «Финансовое учреждение» в Рекомендациях Группы разработки финансовых мер борьбы с отмыванием денег.

k) Термин **«Определенная страховая компания»** означает любую организацию, являющуюся страховой компанией (или холдинговой компанией страховой компании), которая выпускает или обязана осуществлять платежи в отношении Договора страхования с выкупной стоимостью или Аннуитетного договора.

l) Термин **«Финансовое учреждение Республики Казахстан»** означает (i) любое Финансовое учреждение, созданное в соответствии с законодательством Республики Казахстан, но исключая любой филиал такого Финансового учреждения, который расположен за пределами Республики Казахстан, и (ii) любой филиал Финансового учреждения, не созданного в соответствии с законодательством Республики Казахстан, если такой филиал расположен в Республике Казахстан.

m) Термин **«Финансовое учреждение Партнерской юрисдикции»** означает (i) любое Финансовое учреждение, созданное в Партнерской юрисдикции, но исключая любой филиал такого Финансового учреждения, который расположен за пределами

Партнерской юрисдикции, и (ii) любой филиал Финансового учреждения, не созданного в Партнерской юрисдикции, если такой филиал расположен в Партнерской юрисдикции.

n) Термин **«Подотчетное финансовое учреждение»** означает Подотчетное финансовое учреждение Республики Казахстан или Подотчетное финансовое учреждение США, в зависимости от контекста.

